

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсаринатындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ЖМБ ОҚУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА  
«ІШНАРА ЕНУДІ» ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ОРГАНИЗАЦИИ ЧАСТИЧНОГО ПОГРУЖЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ  
УЧЕБНЫХ ПРЕДМЕТОВ ЕМН НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ**

Нұр-Сұлтан  
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды. (2020 жылғы 7 желтоқсандағы № 12 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 12 от 7 декабря 2020 года)

ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуда «ішінара енуді» ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 172 б.

Методические рекомендации по организации частичного погружения при изучении учебных предметов ЕМН на английском языке – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 172 с.

Әдістемелік ұсынымдар ЖМБ оқу пәндерін ағылшын тілінде оқу кезінде ішінара енгізу процесін ұсынады.

Жинақта оқу пәндерін ағылшын тілінде ішінара енгізу режимінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің саны, сондай-ақ осы процесте ішінара енгізуді ұйымдастыруға арналған ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтерге арналған.

Методические рекомендации представляют процесс частичного погружения при изучении учебных предметов ЕМН на английском языке.

В сборнике представлено количество общеобразовательных школ с частичным погружением при изучении учебных предметов на английском языке, а также рекомендации для организации частичного погружения в данном процессе.

Методические рекомендации адресованы руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям организаций среднего образования, педагогам.

© Ы.Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2020  
©Национальная академия образования  
им. И.Алтынсарина, 2020

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту процесін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Орта білім берудің басты мақсаты – әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық - саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құрзыретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету болып отыр. Осы мақсатқа жету үшін педагог алдымен білім мазмұнының даму тенденцияларымен оқу процесін ұйымдастыруда қолданылатын білім берудің жаңа технологияларын білуі керек. Мемлекеттің болашағы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болып табылады. Қазіргі таңда жас ұрпақтарға таңдауға шексіз мүмкіндіктер берілген. Бүгінгі білім алушыны болашағына дұрыс таңдау жасай алатын, ұтымды шешім қабылдай алатын, сондай-ақ өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына икемделе білу қабілетіне байланысты өмір сүру тәртібі күтіп тұр. Сондықтан да, жаңа мазмұндағы білім беру жүйесі алдында білімалушыны ойлануға үйрету, қай жаста болмасын алдынан шығатын түрлі мәселелерді шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету міндеті тұр. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» – деп атап көрсетілгені осыған орай. Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр.

**Зерттеудің өзектілігі.** ҚР «Білім туралы» Заңында, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық, коммуникациялық желілерге шығу, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Бүгінгі мақсат – әрбір білім алушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау болып отыр. Қазіргі педагогикалық зерттеулер (Г.М. Құсайынов, В. Беспалько, В. Монахов) жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асуы үшін оны технологияландыру, яғни олардың белсенділігін арттыру қажет екенін дәлелдеп отыр.

**Әдістемелік ұсынымдардың зерттеу объектісі** білім алушыларды тілдік ортаға енгізу арқылы ЖМБ оқу пәндерін оқыту процесі болып табылады.

Қарастырылатын тақырып тілдік ортаға ену арқылы оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін жағдайлар болып табылады.

**Жұмыстың мақсаты** – тілдік ортаға ену арқылы оқыту ерекшеліктерін анықтау.

**Зерттеудің теориялық негізі** психология, педагогика, лингвистика, психолінгвистика, логопедия оқыту саласындағы іргелі классикалық және заманауи тұжырымдамалар болып табылады.

**Практикалық маңыздылығы** – әдістемелік ұсынымдарды мектепте ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқыту процесінде қолдануға болады.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту келесі негізгі шарттарды қанағаттандыруы тиіс:

- білім алушының танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие процесінің жобасына негізделуі қажет;

- оқу мақсатын диагностикалық түрде анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалау қажет;

- іс жүзінде оқу процесінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру оны оқыту үрдісінде ұтымды пайдалану уақыт талабы болып отыр. Өйткені, жеке адамның рухани дамуынсыз өркениеттің дамуы да мүмкін емес (В. Беспалько). Белсенді оқытудың бір ерекшелігі – білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Белсенді оқытуда педогогикалық технология – бұл оқу процесін ұйымдастыру және өткізу барысындағы білім алушылар мен мұғалімдер жайлы жағдай туғызудың біріктірілген педогогикалық қарым-қатынастың барлық жағдайларын ойлап қарастырған моделі (В.М. Монахов). Жаңа педогогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақырында білім алушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Жаңа белсенді білім беру технологиясының принциптері – оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетімен жұмыс жасауларын арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа педогогикалық технологияларды пайдалану және оның тиімді әдістемесін жасау өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі кезде әдебиеттерде даму бағытын қамтитын 50-ден астам оқыту технологиялары қолданылып жүр. Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, Ж.У.Кобникованың саралап деңгейлеп оқыту технологиясы, Ү.Б.Жексенбаеваның, Б.К.Игенбаеваның, Г.Б.Ниязованың зерттеушілік оқыту технологиясы, тұлғаны жекелей дамытуға бағытталған оқыту технологиясы М.М.Жанпейісованың Модульдік оқыту технологиясы, Ә.Жүніспековтың жеделдетіп оқыту технологиясы (тілді дамыту), С.Ұзақбаевтың көркемдік тәрбие жұмысы, Н.Н.Нұрмағанбетовтың, Қ.А.Абдығалиевтың

Шоғырландырып-қарқындап оқыту технологиясы, Т.Т.Ғалиевтың жүйелік тұлғасынан оқыту және де тағы да басқа ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда.

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық белсенді оқыту технологияларының алдына қоятын мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде белсенді оқыту технологияларының оқыту үрдісіндегі жүйесі – мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, амал – жол екендігін ұмытпаған жөн. Себебі, жаңа педагогикалық технология ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, шәкірттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсері мол, сонымен бірге әлеуметтік рухани жан дүниесінің маңыздылығын іріктеуге, ізгілікті жағын дамытуға бағыттайды және өзінің психологиялық даралық сипатын анықтауға ниеттендіреді. Бүгінгі таңда тынымал болып отырған оқыту технологияларын белсенді түрде қолдана білсек, жаңартылған мазмұндағы білім беру процесі нәтижелі болып және оның сапалық көрсеткіштерін арттыру қиынға соқпас еді. Олай болса оқытуды ізгілендіру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

## **I ЖМБ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ІШНАРА ЕНУ**

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе, халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Үштілділік туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім және ғылым саласы қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Ағылшын тілінің қажеттілігі әлемге тән қажеттілік, бүгінгі күн талабы. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз», - деп атап өткен. Сондай-ақ «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», - деген болатын.

Үш тілде оқытудың негізгі мақсаты – бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік қабілетті мәдениетті тұлға қалыптастыру. Қазіргі уақыттағы ғылымның дамуы адамдардың көп тілді білу қажеттігін туындатып отыр. Осы мүддені жүзеге асыруда мектеп ұстаздарының рөлі зор.

Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі бүгінгі дәуірімізге сай айтылғандай. Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған Әбу Наср Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70 ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі анық.

Химия, биология, физика және информатика пәндерінің оқытушылары жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту – болашақ ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі қажеттілік деп біледі. Биология, химия сабақтарында «үштілділік» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың тиімді жолдарын үйрену үшін әр түрлі қызықты көрнекі құралдар қолдану арқылы жүзеге асыруға болады, сабақта командалық топқа тапсырмалар беріп, білім алушылардың ойлау дағдыларын дамытуда, ойларын ағылшын тілінде жеткізу барысында кластер, венн диаграммасын құрастыруға болады. Ағылшын тілін оқыту үдерісіне енгізудің артықшылықтары көп. Ең бастысы, үштілділік саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік туады, пәнаралық, пәнішілік кіріктірулер болады. Кәсіби желілік қауымдастық құрылады, білім алушының, білім алушының танымдық көкжиегі артады.

Жаратылыстану пәндерін үш тілде оқыту – болашақ ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі қажеттілік.

Ғылыми техниканың дамуы адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп тілді меңгеру қажеттігін тудыруда. Сабақ беру процесінде жаңа технологиялық әдістерді пайдалануда техникалық құрылғыларды қолдану кезінде ағылшын тілін білу маңызды.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытудың:

- танымдылық көзқарас тұрғысынан түпнұсқалық оқу материалын кеңінен қолдану ұстанымы;

- оқыту процесінде мұғалімге белсенді демеу және көмек көрсету ұстанымы;

- екінші немесе шетел тілін өнімді және қарқынды меңгеру ұстанымы;

- көпмәдениеттілік ұстанымы;

- жоғары дәрежеде ойлау дағдыларын дамыту ұстанымы;

- оқытудың тұрақтылығы ұстанымдары бар.

*Бірінші ұстаным* – түпнұсқалық, ақпараттың толықтылығы және когнитивті жүктеменің нақты деңгейі оқу материалдарына қойылатын негізгі талаптар екенін білдіреді. Бұл түпнұсқалық интерактивті материалдар тек жоғары уәждемелік әлеуетпен ғана емес, жасанды тілдік орта құру үшін негіз ретінде және жоғары деңгейлі қиын тапсырмалар әзірлеумен де қолданылуы мүмкін екенін көрсетумен де байланысты. Мұғалім осы ұстанымға байланысты екінші тілді, яғни мақсатты тілді белсенді қолданады (біздің жағдайда – ағылшын тілін), ол білім алушылар үшін «тілдік модель» ретінде жүреді.

*Екінші ұстаным* – қойылған мақсатқа жету үшін білім алушы мұғалім тарапынан қажетті көмек алуы тиіс екенін білдіреді. Білім алушының басқа тілді құзыреттілігінің қалыптасуына қарай, мұғалім тарапынан көрсетілетін көмектің көлемі мен қарқыны біртіндеп азаяды. Аталған ұстанымды қолдану мақсатты тілде таныс емес материалдың мазмұнын оқу барысында когнитивті және 8 лингвистикалық жүктемені қысқартуға мүмкіндік береді. Мұғалім ұсынатын тапсырмалар, қойылған міндеттерді білім алушының орындай алуы үшін белгілі түсініктемелермен толықтырылып отыруы тиіс. Сонымен бірге екінші немесе шетел тілін меңгеру үшін ерекше қажетті тілдік қызметтің төрт түріне де (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) үлкен назар аударылады.

*Үшінші ұстаным* – проблемалық оқыту әдістемелік тәсілдердің көптеген түрін ұсынатынын көрсетеді және түпнұсқалық коммуникацияны сабақ аясында белсенді пайдалануға бағытталған, себебі екінші немесе шетел тілдеріне оқыту коммуникативтік мақсаттардың және қарым-қатынастың маңызды жағдайларының болуы барысында неғұрлым нәтижелі түрде жүзеге асады. Проблемалық оқытудың негізгі сипаттамаларының бірі – «бос орын» ұстанымын пайдалану болып табылады. Бұған байланысты түпнұсқалық коммуникация нақты коммуникативтік кемшіліктер болған жағдайда ғана орын алады. Мұғалімдер бұл әдісті түпнұсқалық коммуникация жағдаяттарын жасау үшін қолдануларына болады, өйткені бұндай тапсырмалар орындау барысында білім алушылар бір-бірімен белсенді қарым-қатынас жасайды.

*Төртінші ұстаным* – кіріктіріп оқыту әдісі тақырыптарды түрлі мәдениет жағынан қарастыруға мүмкіндік беруімен байланысты. Ол әртүрлі мәдениет иелерінің көптеген мәселелерді қабылдануының арасындағы айырмашылықты ескереді.

*Бесінші ұстаным* – ойлау дағдыларының дамуы дәрежесі – заманауи ақпараттық қоғамдағы жетістіктің кепілі болып табылатынын көрсетеді. Б.Блум таксономиясында когнитивті процестердің және педагогикалық мақсаттардың тізімі төмен деңгейлі когнитивті процестерден неғұрлым жоғары деңгейлі когнитивті процестерге қарай, яғни жеңілден ауырға қарай принципі бойынша берілген. Б.Блум таксономиясына сәйкес білім алушы ұғымды есіне сақтамайынша жете түсіне алмайды, сонымен бірге не жайлы сөз болып жатқанын түсінбесе, алған білімін дұрыс қолдана алмайды. Аталған теория бойынша мұғалім білім алушыларға ойлау дағдыларының төменгі дәрежесін жандандыратын сұрақтар (не? қашан? қайда? қайсысы? сөздерінен басталатын арнайы сұрақтар) қоюы тиіс. Сонымен бірге неғұрлым ауыр талдау және бағалау дағдыларын дамытатын сұрақтар да қосу қажет. Бұл топқа жауапты құрастыру барысында аса күрделі тілдік құрылымдарды пайдалануды қарастыратын, неге? қалай? қалайша? сөздерінен басталатын сұрақтарды жатқызуға болады. Контенттің, ойлаудың және тілдің өзара әрекеттесуі, ойлаудың күрделі процестерін тұжырымдау қабілеті ана тілінде де, оқылатын екінші және шетел тілінде де жүйелі дамыту мен жаттықтыруды талап етеді.

*Алтыншы ұстаным* – оқытудың тұрақты мәнімен анықталады, оны келесідей түсіндіруге болады: мұғалім оқыту процесі барысында білім алушылардың ұзақ мерзімді есте сақтау және білім алу қабілеттерінің белсенді екеніне, сонымен қатар сабақ барысында немқұрайлықтан белсенділікке өткендіктеріне көз жеткізуі тиіс. Бұл жерде тұрақты оқыту бірінші дәрежелі маңызға ие болады, себебі мұғалім пәннің мазмұнын оқуға да, сонымен бірге екінші немесе шетел тілін оқуға жағдай жасайды. Тілді білу ерекшелігі пәннің мазмұнын зерделеудің құралы болып табылады. Тіл оқу бағдарламасына кіріктірілген жағдайда білім алушылардың назары арнайы мәтіндердің мазмұнымен қатар, пән бойынша қажетті терминдерді меңгеруге де аударылады, ал тақырыптық материалды талқылау мүмкіндігі болу үшін тілдік ортаға ену қажеттілігі оқылатын тақырып контекстінде тілді қолданудың маңыздылығын арттырады.

Аталған ұстанымдарды сақтау барысында тілді зерделеу мақсатқа бағытталады, өйткені тіл нақты коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қолданылады. Сонымен бірге білім алушы оқылатын тілдің мәдениетін жақсырақ білу және түсіну мүмкіндігіне ие болуымен қатар, бұл білім алушының әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасайды. Білім алушы тілдік материалдың үлкен көлемін өзінің бойынан өткізеді, бұл тілдік ортаға толық ену мүмкіндігін береді. Сондай-ақ, түрлі тақырыптармен жұмыс істеу білім алушының пәндік терминдермен сөздік қорын толықтыруға және алған білімдері мен біліктерін қолдануға және одан әрі зерделеуге жағдай



жасайтын арнайы терминдерді, белгілі тілдік құрылымдарды жаттап алуға мүмкіндік береді.

Осылайша шетел тілін және тілдік емес пәнді бір мезетте оқу білім беру мақсаттарына жетуге арналған қосымша құрал болып табылады және шетел тілі мен тілдік емес пәнді оқуда тиімді жағдайларға ие болады. Әрине, оқудың мұндай түрі пәнді ана тілінде оқытуды толығымен ауыстыра алмайды, бірақ оны айтарлықтай дәрежеде толықтыра алады. Сондықтан да пән бойынша оқу материалы білім алушылардың ана тіліндегі пәндік білім деңгейінен сәл төмен күрделілік деңгейде іріктеліп алынуы тиіс. Оқу материалдарын тандау пәннің құрылымы мен ерекшелігіне байланысты болады. Сонымен бірге мәтінді өңдеу бойынша тапсырмалар білім алушыларды түсіну процесіне жұмылдыру, мәтіннің басты ойын талқылау және тексеру арқылы, пәннің мазмұнына назар аударумен құрастырылуы тиіс. Тапсырмалар лингвистикалық форманың ерекшеліктерін көрсетуі, оларды құрастыру білігін жетілдіруі, білім алушылардың өз бетінше және шығармашылық іс-әрекеттерін бақылауға, бағалауға және ынталандыруға жағдай жасауы тиіс. Барлық тапсырмалар ең алдымен коммуникативтік, яғни шетел тілінде жазбаша және ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға бағытталған болуы тиіс.

Жараталастану-математикалық бағыттағы пәндерді тілмен кіріктіріп оқытудың негізгі сипаттамаларына:

1) көпжақтылық қыры:

- тілді оқыту пән және тілмен қолдау табады;
- пән мазмұнын меңгеру тіл сабақтарында қолдау табады;
- пәндерді кіріктіру жүзеге асырылады;
- оқытуға рефлексия жасау жүргізіледі;

2) қауіпсіздікті болдыратын (сапаландыру) оқу ортасы:

- жаңалыққа қарсы шығатын іс-әрекеттер және тілдік орам қолданылады;
- зерделенетін пәндік мазмұн және тілдік құрылымдар көрнекі бейнеленеді;
- тілдік қателер түзетілмейді, бірақ мұғалім тілдік құрылымның дұрыс қолданылу моделін береді;
- тілді саналы меңгертуге арналған оқу материалдардың түпнұсқасы қолданылады;

- білім алушының бойында тілді меңгеру туралы сана-сезім дамиды;

3) түпнұсқалық және дереккөзге жақындық:

- білім алушылар сөйлеу, жазу, сонымен қатар өздерінің ауызша және жазбаша тілдік дағдыларына рефлексия жасау мүмкіндіктерін қолданады;
- білім алушы өз қызығушылығын есепке ала алады;
- оқу материалы білім алушының күнделікті өмірімен байланыстырылады;
- бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да дереккөздердің өзекті материалдары қолданылады;

4) белсенді оқыту:

- сабақта мұғалімге қарағанда білім алушылар көп сөйлейді;

- пәндік мазмұнды меңгеру және тілдік, сонымен бірге оқу дағдыларын дамыту үшін білім алушылар мақсаттар мен тапсырмаларды өздері тұжырымдайды;

- білім алушылар оқудың нәтижелерін және оларға қол жеткізу жолдарын сипаттайды;

- сабақ барысында жұпта және топта жұмыс істеудің тиімді болуы үшін жағдай жасалады;

- білім алушылар мен мұғалім әңгімелесу және түрлі тапсырмаларды орындаудың арқасында пәндік және тілдік материалдың мәнін түсінеді;

- мұғалімнің рөлі – сыныптағы үш процесті басқару мен мүмкіндік туғызуға жағдай жасау болып табылады (оқу процесі, ынтымақтастыққа әкелетін топтағы қарымқатынасты дамыту процесі, тұлғаның даму процесі);

5) тірек құрылым:

- білім беру процесінде мұғалім білім алушының тәжірибесіне, біліміне, білігіне, пікіріне және қызығушылықтарына сүйенеді;

- сабақты жоспарлау және өткізу барысында білім алушыларды оқытудың түрлері есепке алынады;

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамытуға көңіл аударылады;

- білім алушыға қиын жағдайларда болуына мүмкіндік беріледі және оған сол қиындықтарды жеңу үшін эмоционалдық тұрғыдан көмек көрсетіледі;

б) ынтымақтастық:

- пәндік сабақтар, тіл бойынша сабақтар және тақырыптар мұғалімдердің жұмыс барысындағы қарым-қатынасы және ынтымақтастығы арқылы жоспарланады;

- ата-аналар оқу процесіне білім алушылардың ана тілін және мәдениетін меңгерулеріне көмектесу үшін, сонымен бірге мақсатты тілді пайдалану үшін қатысады;

- жергілікті жердің қоғамдастығы, лауазымдық ведомстволар, жұмыс берушілер және басқа да мақсатты топтар білім беру процесіне қатыстырылады.

Оқу процесінде ағылшын тілі және жаратылыстану ғылыми бағыттағы пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдарын сақтау, келесідей нәтижелер береді:

- білім алушылардың ғылыми ойлауына мүмкіндік жасайды;

- ғылыми-жаратылыстану танымдық әдісті кеңінен қолдану мүмкіндігін береді;

- мектеп білім алушыларын ғылыми-зерттеушілік әрекетке баулиды;

- қоршаған ортаның дәлелді байланыстарын көрсететін кез-келген мәселеге жаратылыстану ғылымдары кешеніне ортақ көзқарас қалыптастырады;

- жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерге білім алушылардың қызығушылығын арттырады және дамытады;

- білім алушылардың информатика, физика, химия, биология пәндерінен жалпы түсініктерін қалыптастырады, есептеу, өлшеу, модельдеу, бақылау,

эксперимент жүргізу, сызбалар құрастыру және т.б. білігі мен дағдыларын қалыптастырады;

- білім алушылардың сенімін қалыптастырады, оқулықта берілгеннен де қиын материалдарды түсініп, зерделеуіне мүмкіндік жасайды;

- оқу процесінде білім алушылардың өздері құрастырған авторлық компьютерлік бағдарламаларын (кіріктіру арқылы жасалған) қолдануға мүмкіндік береді;

- білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды, жаратылыстану-математика бағытындағы оқу пәндерінің (информатика, физика, химия, биология) негізгі курсының бағдарламалық материалдарын неғұрлым тереңірек түсінулеріне және қабылдауларына, сонымен қатар алған білімдерін, біліктерін және дағдыларын күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда қолдана білуге көмектеседі. Оқу процесін кіріктіру арқылы ұйымдастырудың кейбір мүмкіндіктері білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерін сапалы және ойдағыдай жүзеге асыруға көмектеседі.

Сонымен бірге ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндерін және ағылшын тілін кіріктіріп оқытудың нәтижесінде алынған білімді күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігі пайда болады. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: пәнді және тілді кіріктіріп оқыту барысындағы басты нәтиже білім алушылардың жаратылыстану-математикалық бағыты пәндерінен алған білімдері емес, мақсатты тілді меңгеруі (біздің жағдайымызда – ағылшын тілі) болып табылады. Аталған ұстанымдарды кіріктіріп оқытуда жүзеге асыру үшін арнайы әдістер мен педагогикалық технологиялар әзірленген және қолданысқа енгізілуде, солардың бірі халықаралық деңгейде танымал болған CLIL әдістемесі болып табылады.

Тілдік ортаға ену – екі тілді оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Жүйелілігі, әдістемелік бірлігі және ғылыми негізі оның артықшылығы мен күшті тұсы болып табылады.

Тілдік ортаға ену екі аспектімен сипатталды: осы әдіспен оқуды бастаған білім алушының жасы; мақсатты тілді оқуға бөлінетін уақыт.

Енгізу деңгейі бойынша тілді енгізудің бірнеше типтері бар:

1. Толық енгізу (Total immersion) яғни, сабақ 100% ағылшын тілінде жүргізіледі. Енгізудің бұл типінің мақсаты, білім алушыларды алдын ала дайындамай, сөздерді жаттамай қалыпты жағдайда сөйлей білуге үйрету.

2. Ішінара енгізу (Partial immersion) яғни, сабақ 50% ағылшын тілінде жүргізіледі.

Жалпы тілдік ену әдісін сипаттайтын бірнеше принциптер бар. Олар:

- тіл оны қолдану барысында оқытылады, оқылатын тіл бір уақытта оқыту тілі болып табылады;

- тілдік ортаға енудегі барлық білім алушылардың ана тілі бірдей болуы керек;

- бағдарламаның басында барлық білім алушылар бірдей жағдайда – олар оқытылатын тілді мүлдем білмейді немесе оны жеткіліксіз деңгейде білуі керек.

Тілдік ортаға ену бағдарламасының мақсаты білім алушылардың ана тілін де, екінші тілді де функционалдық меңгеруіне, сондай-ақ үшінші тілді жақсы меңгеру деңгейіне қол жеткізуі үшін жағдай жасау болып табылады. Біздің елде тілдік ортаға ену бағдарламасы шетелдік бағдарламалардан біршама ерекшеленеді. «Енгізу» технологиясы «апта бойы немесе бірнеше күн қатарынан бір ғана пән оқытылатын оқыту жүйесі» деп түсініледі, яғни білім алушылар шетел тілі оқытылатын пәндерге енеді. Алайда, мақсат тіл емес, зерттелетін пән болып табылады.

Барлық «енгізу» бірнеше типке бөлінеді:

- модульдік (модуль бойы созылады, 5-6 апта);
- оқу (сабақтық, блоктық, пәндік, пәнаралық);
- тәрбиелік (тақырыптық, сынып ішіндегі, негізгі, көшпелі);
- зерттеу (жеке және топтық);
- басқарушылық (әкімшілік топ, педагогикалық ұжым қатысады).

Кез-келген әдіс сияқты, тілдік ортаға ену әдісінің де артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Артықшылықтары: тілдік кедергіні жою, сөздік қорын толықтыруға көмектесетін жаңа ауызекі сөздер мен идиомаларды білу мүмкіндігі. Кейбір қанатты сөздерді ана тілінде сөйлейтіндер қалай және қандай жағдайда қолданатынын білуі, басқа тілде сөйлеуде коммуникацияның қажеттілігі сөйлеу қарқынын айтарлықтай арттырады.

Кез-келген тілді үйренудегі негізгі қиындық – тілдік кедергі. Ол тілді толықтай енгізген кезде өздігінен жоғалады, өйткені білім алушының басқа жолы жоқ – ол дүкенде немесе қонақ үйде, көшеде және басқа жерлерде сөйлесуі керек.

Кемшіліктердің бірі: психологиялық ыңғайсыздық: оқу барысында білім алушы ана тілінде қарым-қатынас жасаудан бас тартуға мәжбүр.

Шетелдік және отандық тәжірибеге сүйене отырып, тілдік иммерсия екі тілді білім берудің байытатын түрі деп қорытынды жасауға болады, оның мақсаты білім алушының ана тілінде және басқа тілде бірдей білім, білік және дағдыларды игеруі болып табылады.

Тілдік ортаға ену әдістемесінің ерекшеліктері:

1. Толық тілдік оқшаулау, яғни ана тілінде сөйлеуден бас тарту;
2. Сабақтардағы коммуникативтік тәсіл (тіл үйренудің мақсаты – коммуникация);
3. Шетел тілін үйрену мақсатына сәйкес келетін әртүрлі қарым-қатынас жағдайларын «ойнату»;
4. Қызықты және тартымды оқу материалдарын (фильмдер, мақалалар, теле - және радиохабарлар және т.б.), сондай-ақ әртүрлі қызмет түрлерін (мұражайлар, көрмелер) іріктеу;
5. Ана тілін меңгерудің шынайы жағдайларына барынша жақындық;
6. Оқулықтарды жүйелі түрде зерттеу емес, қарым-қатынас процесінде оқытылатын тілді қолдану.

Тілдік енгізу – екі тілді оқытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Оның артықшылығы мен күшті тұсы – жүйелілік әдістемелік бірлік және ғылыми негіз болып табылады. Бұл сыныптардың білім алушылары барлық пәндерді кәдімгі мектептегі сияқты оқиды, бірақ айырмашылығы – мақсатты тіл жеке пән ретінде оқытылмайды және ондағы бірқатар басқа пәндерді оқыту процесінде игеріледі. Бұл жағдайда тіл өздігінен аяқталмайды, бірақ ақпарат алу және байланыс құралы болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, тілді пәнге енгізу әдісін жақтаушылар «оқу процесін адам қабылдауының табиғи психологиялық ерекшеліктерімен мүмкіндігінше жақындастыратын» оқытуды ұйымдастырудың осындай жүйесіне көшуді ұсынады, оны қолдану нәтижесінде айтарлықтай оң нәтижелер алуға болады.

Біріншіден, олар тек білім алушылардың қабылдауын арттырып қана қоймай, оларға зерттелетін материалды неғұрлым берік игеруді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ оқытудың интерактивті нысандары кешенін мақсатты және жүйелі қолдану үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Екіншіден, мотивация артады: ішінара енгізу кезінде назар жоғалмайды, керісінше өседі.

Үшіншіден, оқу процесінің барлық қатысушыларының бір-бірімен ұзақ мерзімді өзара іс-қимылы үшін қолайлы психологиялық ахуал жасалады, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдылары дамиды.

## II ЖМБ ОҚУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА ІШІНАРА ЕНУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қазақ елінің тәуелсіздігі нығайып, қоғамдағы демократияның өрісі кең қанат жайған шақта адамның қоғамдағы және жеке тұлға ретіндегі рөлі жаңа сипатқа ие болуда. Соған орай рухани құндылықтар жаңарып, мұғалімнің кәсіби дамуындағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Жалпы айтқанда, мектепте оқытылатын әрбір пән білім алушы тұлғасын жетілдіріп қана қоймай, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Мұғалімнің өзі білім алушыға жан-жақты білім алуына бағыт-бағдар беруі үшін мәдениетті, шығармашыл, инновациялық тұрғыдан ойлай алатын және бірнеше тілді білетін маман болуы шарт.

Мектепте үш тілде білім беруді жүзеге асыру:

- тілді меңгеру деңгейін арттыру бойынша қосымша сабақтар енгізе отырып тілдік пәндерді (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) оқыту;

- пәндерді үш тілде оқыту;

- сабақтан тыс шаралар арқылы жүреді.

Сабақ барысында тілдік қолдауды қамтамасыз ету белгілі бір алгоритм бойынша жүргізіледі:

- сабақтың тілдік мақсатымен таныстыру;

- тақтаға кілт сөздерді жазып және олармен алдын-ала жұмыс жасау;

- барлық 4 дағдыларды қолдану-тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу;

- тіл туралы сыни ойлауды дамытуды ынталандыру. Мысалы, білім алушылар пәндерді қазақ / орыс / ағылшын тілдерінде атайды, сол арқылы тілді үйренудегі өз прогресін бағалайды;

- тілдік дағдыларды дамытуды, мысалы, сөздерді ауыстыру, түсіндіру, сөздікті пайдалану арқылы ынталандыру;

- тілдік қолдауды қамтамасыз ету, мысалы, көрнекіліктер, уақыт беру, сөздер мен сөйлемдерді қайталау және өзгертіп айту, сонымен қатар мысалдар арқылы айту.

Енгізу әдісін қолданудың бастапқы кезеңінде педагогикалық топтар негізгі қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Бірінші мәселе – мұғалімдердің кәсібилігі мен уәждемесінің жетіспеушілігі, екіншісі – не және қалай істеу керектігі жайлы нақты түсінушіліктің болмауы, үшіншісі – жетілдіру бағдарламасын жүзеге асыру үшін ресурстардың жеткіліксіздігі, төртіншісі – пән мұғалімдері мен тілдік пәндер мұғалімдерінің өзара іс-қимылының болмауы.

Бұдан шығатын қорытынды мектеп инновацияны енгізуге дайын болмауы мүмкін. Сол себепті басқарушылық шешімдері негізінде аталған проблемаларды шешуге бағытталуы тиіс.

Бірінші кезектегі шаралар қатарында:

- көптілді білім беруді енгізуге бағытталған даму бағдарламасын әзірлеу;

- пән мен тілді кіріктіріп оқытуға көшетін сыныптардың қадамдық жоспарын анықтау;

- көптілді білім беру жағдайында оқытуды ұйымдастыру бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру.

Көп тілді білім беруді енгізуді өзектендіру, білім алушылардың тілдік дағдыларды меңгеру деңгейін диагностикалау (бастапқы диагностика) бойынша білім алушылармен және ата-аналармен түсіндіру әңгімелерін өткізуді көздеу қажет.

Басты мәселе – мұғалімдер тарапынан болып жатқан өзгерістерді түсінбеушілік және қажетті қолдаудың жоқтығы.

Бұл кезеңнің маңызды аспектісі:

- пән мұғалімдері мен тілдік пән мұғалімдерінің командасын қалыптастыру;

- пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту жағдайында оқыту мәселелері бойынша коучингтер өткізу;

- көптілді білім беруді енгізудің түрлі мәселелері бойынша ата-аналарға, білім алушыларға, мектеп педагогтеріне сауалнама жүргізу.

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту стратегиясы білім алушылардың сөйлеу әрекетін жандандыруға, сыни ойлауды, рефлексивтілікті, ашықтықты дамытуда әр түрлі тәсілдерді қамтуы керек.

Пән мазмұнының әр бөлімі үшін тапсырма блоктарын жасау керек, олардың құрамында қиындық параметріне сәйкес табиғи иерархияны құрайтын – 1-ші, 2-ші және 3-ші деңгейлерден тұратын үш тапсырмадан болуы керек. Бағдарламаның негізгі бөлімдерін қамтитын блоктар жиынтығы білім алушыларға осы бағдарламаны тағайындаудың құрылымдық көрінісін алуға мүмкіндік береді.

Мұндай статистика басшылыққа оқу нәтижелері жақсарып келе жатқанын түсінуге, сондай-ақ назар мен ресурстарды осыған мұқтаж жерлерге шоғырландыруға көмектеседі. Екіншіден, мұғалімдер оқыту нәтижелерін жақсарту үшін жауапкершілік сезімін қалыптастырады, ал жүйе мұғалімдер тек оқытып қана қоймай, сонымен бірге үйретеді.


Пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуды ұйымдастырудың шарттары мен процесін жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру кезінде білім алушылардың пән мен тілді интеграцияланған оқуға деген ынтасын жоғалтпау және білім мен дағды ретінде ғана емес, сонымен қатар жүйелік-белсенділік және жеке нәтижелер ретінде түсінілетін пәндік күзінеттіліктердің қалыптасу деңгейін бақылау маңызды.

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту процесіне кіретін, ортақ мақсатпен, жауапкершілікпен және өзара қолдаумен біріктірілген мұғалімдер тобын құру қажет.

Көптілді білім беруді енгізу кезеңінде педагогтің өзінің кәсіби өсуін үздіксіз арттыру жүйесіне уәжді түрде қосылуы білім беру ұйымдары басшылары тарапынан қажетті іс-қимыл болып табылады.

2020-2021 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу пәндері **4 207** мектепте ағылшын тілінде оқытылады, оның ішінде ішінара енгізу режиміне ЖМБ пәндерді ағылшын тілінде **3 365** мектеп енген. Барлығы

15 441 сынып ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқуға көшкен, оның ішінде 13 078 сынып ішінара енгізу режимінде жұмыс істейді. Ішінара енгізу режимінде барлығы 236 578 білім алушы білім атуда. Пәндер бойынша сыныптар саны 2.1-суретте көрсетілген.



2.1-сурет

Ендігі кезекте біз енгізу сабағының қалай құрылатынын, осы педагогикалық технологияның ерекшеліктері неде, мұндай оқыту аясында қандай әдістер мен тәсілдер қолданылатынын толығырақ қарастырамыз.

Жаңа технологиялар – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігінің молдығы сабақтағы экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерге графиктерді, схемаларды, иллюстрацияларды жатқызуға болады. Мұғалім араласпай-ақ, білім алушыларға өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрырғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын ағылшын пәні кіріктірілген сабақтарда пайдалану, білім алушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының



қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді:

- өз әрекетін саналы түрде жоспарлауға;
- презентацияларды әзірлеуді үйренуге мүмкіндік береді..

Мамандардың біліктілігін көтеру міндеттерін шешуде оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың келесі мүмкіндіктері ұсынылады:

- ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыруда білім мекемелерінің мамандарының қажеттілігін қанағаттандыру: информатика, ақпараттық және желілік технологиялар саласы бойынша жаңа білімдер алу;

- информатика мұғалімдерінің біліктілігін көтеру және қайта даярлау;

- білім беру жүйесін басқару мамандарын және пән мұғалімдерін жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге үйрету;

- информатика пәнін оқытудың көкейкесті мәселелері бойынша информатика мұғалімдері үшін тағылымдама өткізу және оны ұйымдастыру;

- мұғалімдердің қызметін қашықтықтан оқыту формаларына бағыттау;

- облыстағы білім беру мекемелеріне ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік бағыты бойынша жетекшілік ету;

- облыстың біртұтас білімдік желісінің ақпараттық ресурстарын қалыптастыру;

- оқу процесі мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарға жаңа ақпараттық технологияны қолдану негізінде олардың озық тәжірибелерін тарату.

Жаңа педагогикалық технологиялардың әртүрлі бағыттарының арасында ерекше орынды білім беруді бірлесіп жұмыс істеу арқылы жүзеге асыратын тұлғалық бағыттылық тәрізді жобалық технология алады.

Жобалардың әдісі – оқу барысында кішкентай топта әлеуметтік қарым-қатынас құруға негізделген білім беру саласындағы технологиялардың бірі, оқу барысында білім алушылар әртүрлі әлеуметтік рөлдерді (ұйымдастырушы, жетекші, атқарушы және т.б.) қабылдайды, орындайды және оларды шынайы қарым-қатынас кезінде өзекті мәселелерді шешуде орындауға үйреніп, дайындалады.

Жобалық жұмыс және жалпы жобалық технология шетел тілін үйренуде практикалық, даму және білім беру мақсаттарын біріктіре отырып, барлық салалардағы тіл мен мәдениетті үйрену аясында тиімді оқу барысын дамыту мәселелерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жобалық жұмыстың басты мақсаты үйреніп жатқан тілді меңгеру мен қолдану барысында тілдік және білім сапасындағы білім алушының тәуелсіздігін, креативтігін және іскерлік белсенділікке деген қабілетін дамыту. Жобалық технологияның негізі жобалық жұмыстың соңғы өнімі болып табылатын нақты, айқын анықталған білім беру өніміне деген бағыт. Жобалық технология шетел тілін үйренудің барлық салаларын біріктіру, мүмкіндік беру және сөйлеу қарым-қатынасының шапшандығы мен дұрыстығы арасындағы нақты байланысты орнатады.

Шетел тілін меңгерудің кез келген сатысында жобалық тапсырмалар үшін тақырыпты және нақты сұрақтарды таңдауға мүлде шектеу қойылмаған.

Жобалық технология кез келген оқулықпен және басқа оқу-құралдарымен бірге жүре алады және сөйлеу тәжірибесімен шетел тілінде сөйлеу қарым-қатынасының коммуникативті қабілеті дамуының сатысында үйреніп жатқан тілдің жалпы жүйесінің түрлі формаларының қатарына қосыла алады.

Жобалық тапсырма шетел тілін меңгеру мен қолдануда нақты өнім ретінде қарастырыла алады. Шетел тілі мұғалімінің жұмысында ең басты қиыншылық даму жағдайын жасау және басқару қызметін, тең серіктестік қарым-қатынас қызметін білім алушыларға байланысты үйлестіру болып табылады. Оқытушы мотивация тудыру және оны қолдау, жоба жұмысының қажеттілігі мен оған қызығушылық тудыру, оқу жағдайы мен шетел тілін нақты қолдану арасында «көпір орнату» сияқты жобалық технологияның ең қиын мәселелерін шешеді.

Тілдік емес пәндер бойынша бағдарламалық материалды күнтізбелік-тақырыптық жоспар арқылы когнитивтік-коммуникативтік технологияға бейімдеп жоспарлау жұмысы – алдыңғы шарт болады. Технологияның ерекшелігі – тілдік емес пән мен тілдік пән әдістемесінің кіріктірілуі. Когнитивті-коммуникативті технологияның мәні:

- тілдік емес пәндер (физика, биология, география, тарих) мазмұнын өңдеу механизмінде;

- бақылау және зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру талаптары сақталған оқу материалын күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау механизмінде;

- ірілендірілген тақырып бойынша оқылатын теориялық материалдың когнитивтік құрылымы негізінде функционалды-семантикалық кесте құрастыру механизмінде;

- бағдарламалық материалды және шетел тілімен бейіндік-бағытты, дәлірек айтқанда сабақтардың типологияларын меңгеру бойынша қатар жүргізілетін жұмысты ұйымдастыру бойынша бірізді әрекеттер механизмінде;

- сабақтың әр типі үшін дайындалған жаттығулар жүйесінде;

- зерттелетін тақырыптық блок аясында типтік жағдаяттар бойынша диалогтік қарым-қатынас ұйымдастыру әдістемесінде;

- шетел тілінде монологтық айтылымның репродуктивті-продуктивті нәтижесін ұйымдастыруда.

Оқытуды ұйымдастырудың түрлеріне:

- тұрақты және логикалық шегіне жеткен педагогикалық процесті ұйымдастыруға тән жүйелілік пен тұтастықтың, білім алушылар құрамының қалыптылығының және өткізудің белгілі бір тәртібінің болуы;

- белгілі тәртіп пен мерзімде жүзеге асырылатын мұғалім және білім алушылардың келісілген іс-әрекеттері көрінісінің болуы жатады.

Классикалық дидактикада оқытудың ұйымдастыру түрлерінің жалпы ережелерінде, мектепте оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ болып табылады деген пайымдау бар.

Сабақ дегеніміз кеңістіктік – уақыттық анықтылық (сабақтың режимі, сабақтың өтетін орны, білім алушылар мен мұғалімдер құрамы);

- сабақтың құрылымы және жұмыс кезеңдерінің бірізділігі;
- білім алушылардың өз беттерінше жұмыс істей білулерінің жеткілікті деңгейі;
- сабақтың дидактикалық мақсаты.

Сабақтың негізгі қызметі: ықпалдастық, коммуникативтілік, басқарушылық. Сонымен қатар заманауи дидактикада дәстүрлі және стандартты емес сабақтарды бөліп көрсету қарастырылады.

Стандартты емес сабақтардың қатарына іс-әрекеттің әртүрлі түрлерін қамтитын, танымдық қызығушылықты арттыратын, қиялдауды, ойлауды, зейінді дамытатын, білім алушылардың шаршағандықтарын, артық күш жұмсауларын болдырмайтын кіріктірілген сабақтар жатады.

Кіріктіру өзін-өзі танытуға, өз ойын білдіруге, мұғалімнің шығармашылығын жүзеге асыруға, білім алушыларының қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Кіріктіру білім алушылардың түрлі пәндерден жүргізген бақылаулары бойынша жасаған қорытындыларын нақтылаудың және тереңдетудің, жаңа фактілер табудың қайнар көзі болып табылады. Егер дәстүрлі сабақ білім алушыларды біліммен қаруландыруға және негізінен түсіндіру көрнекілік әдісінде құрылатын жалпы білім беру міндеттерін шешуге бағытталған болса, ал кіріктірілген сабақтар оқытудың түрлі әдістерінің және құралдарының үйлесуі негізінде құрылып, сонымен қатар жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен ағылшын тілі пәнінің көптеген міндеттерін шешеді.

Кіріктіру барысында түсіндіру-көрнекілік, іздеу, зерттеу әдістері, пікірталас, білімнің түрлі дереккөздері, теледидар бағдарламалары, кино үзінділері, мультимедиа курстары, интернет-технологиялары, оқыту мен бақылаудың басқада техникалық құралдары қолданылады.

Сонымен қатар топтық, ұжымдық, жұптық, жеке жұмыс түрлері кеңінен қолданылады. Бұндай сабақтарда танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, білім алушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасалады. Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту ең алдымен тілдік іс-әрекеттің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгеруге бағытталған.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту контексінде Қазақстандағы мақсатты тіл – ағылшын тілі болып саналады. Сондықтан да кіріктіріп оқытуда негізгі шетел тілі ретінде – ағылшын тілі сабақтары алынады. Шетел тілі сабақтарының өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазіргі кезде басқа елдердің мәдениетімен және олардың әдебиетімен танысу үшін шетел тілін меңгеру жаһандық мақсат болып саналады. Білім алушыларда мәдениетаралық коммуникацияға түсу қабілетін қалыптастыру арқылы бұл мақсатқа жетуге болады. Басқа тілді оқытуда коммуникацияға арналған коммуникативтік сипаттағы тапсырмалар негізінде ұйымдастырылған оқыту, шетел тілінің заманауи сабағының айырықша ерекшелігі болып табылады. Басқа тілде коммуникацияға түсу тілдік іс-әрекет теориясына негізделеді. Шетел тіліне коммуникативтік оқыту тәсілі іс-әрекеттік сипатқа ие, себебі сөйлесу «тілдік қызмет» арқылы жүзеге асырылады, ол өз кезегінде «өзара

әлеуметтік қарым-қатынас» жағдайындағы адамның табысты іс-әрекетінің міндеттерін шешу үшін қажет. Басқа тілде коммуникацияға түскен кезде тілдесуге қатысушылар шетел тілінің көмегімен бірлескен іс-әрекеттің міндеттерін шешеді. Сол себепті де білім алушылардың өзара қарым-қатынастарының және ынтымақтастықтарының, сонымен қатар тілдің коммуникативтік шартын ұйымдастыруға арналған тілдік тапсырманың маңыздылығын атап өту қажет.

Коммуникативті оқыту тәсілі білім алушыларды басқа мәдени кеңістікке «кіруге» бағыттайтын шетел тілінде байланысқа түсуге іштей дайын болуды және қарым-қатынасқа түсе алу қабілетін қамтиды. Мұндай оқытуға ең алдымен сабақты өткізудің дәстүрлі емес формалары тән. Бұл жерде сөз кіріктірілген оқыту, яғни бинарлы сабақтар және пәнаралық байланысты кеңінен қолданып өткізілетін сабақтар туралы болып тұр.

Оқытудың бинарлық моделі екі мұғалімнің өзара қарым-қатынас жасауын қарастырады. Бұндай сабақтарды құрастыру барысында пән мұғалімдерінің ынтымақтасып жұмыс істеуі емес, тілдік пәннің және тілдік емес пәннің мұғалімдерінің бірігіп сабақ өткізуі негізгі қиындықты туғызады.

Бинарлық сабақтың әдістемесі дәстүрлі сабақ тақырыптарының әдісінен ерекшеленеді, яғни кез келген тақырып бойынша екі мұғалім бір мезгілде сабақ өткізеді. Мұндай сабақ өткізу барысында келесідей негізгі мақсаттар орындалады:

1. Оқу процесі барысындағы білім алушылардың іс-әрекетіне қойылатын талаптар бірлігінің және туындаған проблемаларды қарастыру тәсілінің бірдей орындалуы.

2. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мұғалімі – ағылшын тілі мұғалімі – білім алушылар арасындағы тілдесуден туындаған қызығушылықтың әсерінен оқу материалын қабылдау, бақылау белсенділігі артады, сезімдік және логикалық ойлау жанданады, қиялдың жұмыс істеу қарқыны ұлғаяды.

3. Түрлі нұсқаларда берілген теориялық білімді: жедел және үйреншікті емес жағдайда нақты шешім қабылдай білу дағдылары қалыптасады.

Тақырыпты аяқтау барысында қорытындылау, бекіту сабағы ретінде бинарлы сабақ өткізу өте тиімді болып табылады. Біріккен жұмыс барысында мұғалімдер білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жақсы байқайды. Дәстүрлі формалармен салыстырғанда бұндай сабақтарда оқу материалын неғұрлым терең және сапалы меңгеруге жағдай жасайтынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Бинарлы сабақ өткізу барысында екі мұғалімнің іс-әрекетінің сәйкестігін келесі нұсқада ұсынуға болады (2.1-кесте):

## 2.1-кесте. Бинарлық сабақ өткізу барысындағы сәйкестік

|  | Тілдік емес пән мұғалімінің іс-әрекеті   | Ағылшын тілі мұғалімінің іс-әрекеті  |
|--|--|--|
| <b>Мақсат қою</b>  |  |  |
| 1  | Өткен сабақтардың материалдары бойынша білім алушыларды сұрау  | Орындалған тілдік дағдылардың меңгерілу сапасын тексеру  |
| 2  | Оқылатын тақырыптың теориялық сұрақтарын баяндау. Білім алушылардың сұрақтарына жауап беру                                       | Ағылшын тілінде тілдік іс-әрекеттің төрт түрін дамытуға арналған оқу тапсырмаларын орындау барысында тақырып бойынша теориялық тапсырмаларды пайдаланудың тәсілдерін түсіндіру |
| <b>Сабақтың теориялық материалын қабылдау және тілдік құзыреттіліктерді меңгеру деңгейінің сапасын бақылау</b> |  |  |
| 3  | Білім алушылардың практикалық жаттығуларды түсініп орындауларын, теориялық тапсырмаларды тәжірибеде дұрыс пайдалануларын бақылау | Тілдік дағдыларға жаттығу процесі барысында білім алушыларға ағымдық нұсқаулықтар беру   |

Бинарлы сабақтар білім алушыларға теориялық дайындыққа жаңаша көзқараспен қарауға және оны зерделеудің теориялық білімді нақты өмірде пайдалану үшін қажет екенін түсінуге көмектеседі. Алайда, кез-келген жағдайда, барлық кіріктірілген сабақтардың типі ортақ болады.

Бұл сабақтар:

- оқу бағдарламасымен қарастырылған ұғымдарды, жаңа фактілерді білім алушылардың меңгеруі бойынша жұмысты ұйымдастыруға бағытталған жаңа білім қалыптастыру;

- оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың бойында нақты біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған біліктер және дағдыларға үйрету;

- білімді тәжірибеде қолдана білу;

- оқу тоқсанының, оқу жылының аяғында немесе бағдарламаның ірі тақырыптарын зерделеу барысында білімді тереңірек меңгеруге, қорытындылаудың және жүйелеудің жоғары деңгейіне бағытталған білімді қайталау, жүйелеу және жинақтау, дағдыларын бекіту;

- білім, білік және дағдыларды кешенді, ауызша және жазбаша бақылауды жүзеге асыратын білімдер және біліктерді бақылау және тексеру сабақтарын іріктеу.

Алайда кіріктіріп оқытудың мәні оқытуды ұйымдастырудың түрлерін дұрыс және педагогикаға негізделген таңдауға байланысты болады, ол білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктердің әрқайсысын терең және жан-жақты талдаумен қамтамасыз етеді.

Басқаша айтқанда, кіріктірілген сабақтың келесідей заңдылықтарын қатаң сақтау қажет:

- сабақтың барлық кезеңі автордың түпкі ойына бағынышты;

- сабақ негізгі оймен (сабақтың өзегі) біріктіріледі;

- сабақ біртұтастықтан тұрады, сабақтың кезеңдері – бұл біртұтас жүйенің үзінділері немесе кезеңдері;

- сабақтың кезеңдері мен компоненттері логикалық-құрылымдылық тәуелділікте болады;

- сабақ үшін іріктеліп алынған дидактикалық материал сабақтың түпкі ойына сәйкес келеді;

- аталған заңдылықтарды сақтау сабақты ғылыми-іскерлік құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, онда мазмұндылық көзқарас тұрғысынан: білімдер және біліктер кешені және олармен еркін жұмыс істеу; оқылған мен оқылатынның ара қатынасы; жекелеген сынақтарды жалпы бір сынаққа біріктіру; кемшіліктердің алдын алу маңызды болып табылады.

Тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту жағдайында, тілді білу пәннің мазмұнын зерделеудің құралы болып табылатынын есте сақтау қажет. Бұл жағдайда зейін арнайы мәтіндердің мазмұнына, сонымен бірге пәнге қажетті терминдерге де аударылады.

Тіл оқыту бағдарламасына кіріктірілген, ал тақырыптық материалды талқылау үшін тілдік ортаға ену қажеттілігі оқылатын тақырып аясында тілді қолдануға ынталандыруды айтарлықтай арттырады. Бұндай сабақтар білімді меңгеруді ынталандыру және пәнге қажетті біліктерді дамыту бойынша көп жұмыс жүргізуді қарастырады. Бұған тек қана нақты пәнді зерделеу және тілді оқыту үшін қажетті арнайы іріктеліп алынған мәтіндерді оқу мүмкіндік жасайды, олар: лексикалық және грамматикалық бірліктер мен құрылымдар, тілдік іс-әрекеттің барлық түрлері: оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым.

Жұмыс барысында білім алушылардың қарастыратын тілдік материалының көлемі едәуір көп, оқушылар қажетті пәндік терминдермен өздерінің сөздік қорларын толықтырады.

Мұғалім сабақтардың пәндік мазмұнын ойластыру, оқу курсының құрылымымен сәйкестендіру және түрлі ресурстарды қолдану арқылы, нақты пән бойынша оқылғанды толықтыратын немесе қайталайтын материалды мұқият іріктеуі қажет.

Сонымен қатар тапсырмалардың түрлерін күрделілік деңгейіне, пәндік мазмұнға сәйкес, оны түсінуге, тексеруге және болашақта талқылауға болатындай негіздеп әзірлеуі тиіс.

Кіріктірілген сабақта келесі элементтер болуы тиіс:

- сабақтың оқу-әдістемелік міндеттері: кіріспе, бекіту, ағылшын тілді материалды жандандыру, қорытынды бақылау жұмысы;

- оқу материалдары мазмұнының тақырыптары: мәтін, ауызша тақырып, жаттығулар, жағдаяттар, әдістемелік тәсілдер, тілдік материал;

- сабақтың жабдықталуы: көрнекілік, дидактикалық материалдар, сонымен қатар қолданылатын оқу-әдістемелік кешен компоненттері, АКТ;

- мақсатты қою: дағдыларды және ағылшын тілінде іс-әрекеттерді дамытуға (тыңдалым, айтылым – монологтік, диалогтік тілдесу, оқылым, жазылым) бағыттау; білім алушыларды тілдік аспектілерді (сөздің айтылуын, лексиканы, грамматиканы) меңгерулеріне бағыттау; сабақтың кешенді

мақсаттары (ағылшын тілінде тілдесуге үйрету, ағылшын тілін қолдану арқылы танымдық іс-әрекетке оқыту);

- сабақтың тәрбиелік мақсаттары: адамгершілік, эстетикалық, еңбекке баулу, өркениетті тұлға, ойлау, тілдесу, сезім және тәртіп мәдениетін тәрбиелеу;

- сабақтың жалпы білім беру мақсаттары: танымдық, елтанымдық, лингвистикалық-елтанушылық, лингвистикалық ойлауды дамытушылық;

- сабақ мақсаттарының оқу тақырыбын зерделеудегі оның орнына, ағылшын тілін оқыту бағдарламаларының және сол сыныпқа арналған оқу жоспарының талабына сәйкестігі;

- ұйымдастыру кезеңі: білім алушылардың «ағылшын тілі» пәніне ауысуының тиімділігі; мұғалімнің білім алушылармен ағылшын тілінде әңгімелесуі; мұғалімнің сыныпқа дайындық туралы сұрағы; осы сабақта жүргізілетін жұмыстың (жоспардың) сипаты туралы хабарлама; білім алушыларды практикалық (коммуникативтік, танымдық) тәрбиелік, жалпы білім беру мақсаттарына жетуге бағыттау; мұғалімнің білім алушымен байланыс орнатуы; мұғалімнің білім алушылармен шағын әңгімелесуге түсуі; сыныпта шығармашылық, іскерлік, тілектестік қарым-қатынас орнатуға арналған басқа да педагогикалық және әдістемелік тәсілдерді қолдануы, сабақтың оқу тақырыбы бойынша тілдік жаттығу материалдарын қолдану және тілдік жаттығуларды сабақтың мақсатына жетуге бағыттау;

- фонетикалық жаттығулар: білім алушыларды сабақтың негізгі практикалық мақсаттарына жетуге бағыттау; білім алушыларды тілдік жаңа материалмен жұмыс істеуге дайындау; фонетикалық дағдыларды дамыту;

- үй тапсырмасы: тапсырманы сабақта тексеру, жаңа оқу материалымен жұмыс істеу барысында оны бақылау; үй тапсырмасының орындалу сапасы; тапсырманың орындалмау жағдайларын оны тексеруді бастауға дейін есепке алу; тапсырманың орындалуына мұғалімнің түсінік беруі, оны тексерудің түрлерін қолдану; ағымдағы (келесі) сабақ барысында кемшіліктердің орнын толтыру тәсілдері; дағдылар мен біліктерді қалыптастыруды қамтамасыз ету; үй тапсырмасын орындау барысында туындайтын қиындықтарды есепке алу; бір үлгідегі қателерді талдап қорыту; бұл қателіктерді болдыратын себептерді түсіндіру; оларды жеңіп шығудың тиімді тәсілдерін қолдану; қателерді түзету; үй тапсырмасын тексеру барысындағы әдептілік және ізгі ниеттілік жағдайы;

- жаңа материалды кіргізу: жаңа материалды таныстыру формасы; индукция (дедукция) әдісін қолдану; тақтаны, оқулық материалын қолдану; пәндік, бейнелі көрнекіліктерді, жаңа материалдың тілдік бірліктерінің мағыналық мәнін талдау үшін түсіндіруді, анықтамаларды, тасымалды, мәнмәтінді, жағдаяттарды қолдану; оқыту сатысының тілдік бірліктердің сипатына сәйкес келуі, кіргізілетін материалдың күрделілігі, оны меңгерудің мақсаттары; білім алушылардың іс-әрекетті шамалау негізін меңгерулерін қамтамасыз ету, тілдік жаңа материалды түсіндіру барысында білімді меңгерулері; тілдік жаңа бірліктерді түсінуді бақылау; білім алушылардың тілдік бірліктерді сөйлемдер мәнмәтінінде қолданулары;

- тілдік жаңа материалды меңгеруді қамтамасыз ету: тілдік іс-әрекеттің әртүрлі түрлеріне арналған тілдік, шартты-сөйлеу және сөйлесу жаттығуларын пайдалану; жаттығулардың түрлі типтерінің өзара тиімді қатынасын сақтау (тілдік, шартты-сөйлеу және сөйлесу), ауызша және жазбаша, бағдарламалық және бағдарламалық емес, проблемалық және проблемалық емес, бейнелі көрнекіліктерді қолдану;

- тыңдалымға үйрету: қойылған мақсатқа жету үшін мұғалімнің қолданған тәсілдері; аудиомәтінмен жұмыс істеу кезеңдерінің әдістемелік негізделуі; мәтінді қабылдауға (тілдік қиындықтарды болдырмау, тілдік тапқырлыққа, алдын-ала білуге үйрету) дайындықты ұйымдастыру; қабылдау қызығушылығын ынталандыратын мақсатты тапсырма қою; магнитофон (күйтабақ ойнатқыш) қолдану; тыңдауды тиімді пайдалану; көзбен көру, көркем бейне, суретті көрнекіліктерді және тілдік және мағыналық тіректерді пайдалану; жұмыстың нәтижесі;

- айтылымға үйрету: сөйлеуге арналған диалог-үлгілер, мәтіндер (ауызша, жазбаша), материалдарды іріктеу; көрнекіліктерді пайдалану; білім алушыларға көмектесу және диалогтік (монологтік) пікір айтуды құрастыруды басқару; тірек түрлерін (жоспар, логикалық-синтаксистік сызбанұсқа, тірек сөздер, бастамасы және соңы және т.б.) қолдану; мұғалімнің қолданған ойын тәсілдері мен проблемалық тапсырмаларының тиімділігі;

- оқуға үйрету: оқу техникасы дағдыларын және оқығанды түсіну біліктерін қалыптастыру; мәтін алды, мәтін кезіндегі және мәтіннен кейінгі кезеңдерде түрлі тәсілдерді, тапсырмаларды және жаттығуларды қолдану; мәтін бойынша жұмыс істеудің әр кезеңі міндеттерінің дұрыс шешілуі; түсінуді бақылауға арналған (ұсынылған сұрақтардың дұрыс жауабын табу, тірек сөздер негізінде мәнмәтінді суреттеу, азат жолға ат қою) тиімді әдістемелік тәсілдерді пайдалану; мәнмәтінді ауызша сөйлеуді дамытуға арналған негіз ретінде қолдану, оқытудың бұл сатысында мәтінді осылайша қолданудың мақсаттылығы; жаттығулардың тиімділігі;

- жазуға үйрету: тәсілдер мен тапсырмаларды қолданудың дұрыстығы; оқытудың мақсаты мен сәйкестігі (шығармада жазбаша мазмұндау, диалогтегі қақпа сөздердің кеңеюі, хат, аннотация жазу; аудару, болашақта хабарлама, баяндама жасаудың жоспарын құрастыру, неғұрлым маңызды сөйлемдерді анықтау, жоспар, тезистер, тірек сөздер және сөз тіркестерін оқу процесінде конспект құрастыру);

- сынып жұмысы түрлерін қолдану: жеке және топтық, жеке және жұптық жұмыстардың ара қатынасы; түрлі тапсырмалар қолданудың тиімділігі; өзара оқу әрекетінің түрлері (білім алушы – мұғалім, білім алушы – оқулық, білім алушы – магнитофон, білім алушы – диапозитив немесе сурет, білім алушы – оқыллатын тіл елінің нақты өмірі, білім алушы – білім алушы);

- есепке алу, бақылау және бағалау құралдары: білім алушылардың ағылшын тіліндегі материалдарды, ағылшын тілінде сөйлеу дағдылары мен біліктерін меңгеру деңгейі; сұрақ-жауап жұмысының, жаттығулар мен



тапсырмалардың орындалуы, тестілеу, суреттермен, таратпа материалмен жұмыс істеудің тиімділігі;

- келесі сабаққа арналған тапсырма: тапсырманы түсінуді бақылау; оны орындау бойынша ұсыныстар, тапсырмаларды сыныпта білім алушылардың жартылай орындауы; сөйлеу іс-әрекетінің түрлерін енгізу; тапсырмалардың формалды, рецептивті, репродуктивті және продуктивті түрлерінің арасындағы өзара қатынасының дұрыстығы; меңгерілген материалдарды бекіту; білім алушыларды келесі сабаққа дайындау;

- сабақтың қорытынды бөлімі: мұғалімнің білім алушылармен әңгімелесуі; сабақтың жоспарына кірмейтін сұрақтарға жауап беру; әр білім алушының жұмысына жан-жақты баға беру; баға қою;

- жалпы дидактикалық ұстанымдарды сақтау: саналылық, практикалық бағытталғандықты, қарапайымнан күрделіліге, белгіліден белгісізге, нақтыдан абстрактылыққа. Әдістемелік ұстанымдарды жүзеге асыру: ағылшын тіліне оқытудың коммуникативтілік бағытталғандығы;

- сабақта даралап оқыту: бір уақытта оқу материалының бірнеше түрін қолдануды, тапсырмаларды таңдауда тұлғалық қызығушылықтарын, білім алушылардың түрлі топтары үшін тапсырма іріктеу барысында дайындықтың түрлі деңгейі және жаңа материалды меңгерудің түрлі жылдамдығын есепке алу; пікірталасты, талқылауды ынталандыру; білім алушылардың тұлғалық мінездемелеріне байланысты марапаттаудың және сөгістің сараланған түрлерін қолдану;

- мұғалім және сынып: сабақтың жалпы жай-күйі (оптимистік, белсенді, іскерлік, тілектестік); мұғалімнің сыныппен байланысы; мұғалімнің кәсіби дайындығы, ағылшын тіліне оқыту әдістемесін меңгеру деңгейі; мұғалімнің педагог ретіндегі жеке қасиеттері; мұғалім тілінің мәнерлілігі, сарыны, стилистикалық әдептілігі, тілдік қателіктердің (болуы) болмауы, дауыс тембрі;

- орындалатын оқу іс-әрекеттері мақсаттарын сыныптың (топтың) түсінуі; білім алушылардың мұғаліммен, сыныптасымен тілдесу барысындағы бастамашылдығы; оқу әрекеттерін таңдау барысындағы сұрақтар мен ұсыныстардың кенеттілік сипаты; өз шешімдерін ұсыну; өз пікірін айту; ағылшын тілін қолдануға ұмтылыс; қателік жіберу қорқынышының болмауы; білім алушылардың мұғалімге маман ретінде баға беруі, мұғалімді ұнатуы; мұғалім пікіріне жоғары баға беру; оқу тапсырмаларын орындауға дайындық;

- мұғалім мен білім алушылардың тілдесуде ана тілін қолдануы: мұғалімнің ойы бойынша білім алушылардың жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін білмеуі барысында нұсқауды түсіндіруі үшін ана тілін қолдануы және бұл жағдаяттың орынды болуы; айтылған неғұрлым күрделі пікірлерді түсіну үшін ана тілін қолдануы; ағылшын тілін білім алушылармен тілдесу құралы ретінде үнемі қолдануы; білім алушыларды тек ағылшын тілінде сөйлеуге бағыттау үшін, олардың ойлау қабілеттерінің негізі ретінде ана тілін пайдалану; неғұрлым күрделі материалды, басқа мәдениеттің ерекшеліктерін және тілдің стилистикалық, фразелогиялық ерекшеліктерін түсіндіру, психологиялық-педагогикалық күрделі міндеттерді шешу, білім алушыларды өз

пікірлерін айтуға дайындалуда көмек көрсету, ағылшын тілінде тілдесудегі қателіктердің нәтижесін салыстыру үшін тілдік бірліктің мәнін, мағынасын анықтау процесінде ана тілін қолдану; ана тілінде айтылған өзінің пікірлерін ағылшын тілінде қайталау; білім алушылардың ағылшын тілін қолданғысы келуін немесе үнемі қолдануын қолпаштау тәсілдері; білім алушылардың ана тілін қолданулары (үнемі немесе қажетті тілдік құралдардың жетіспеуі жағдайында ғана);

- сабақ барысында уақытты тиімді пайдалану: мұғалім мен білім алушылардың айтылым уақытының минуттары; ұйымдастыру кезеңіне, үй тапсырмасын тексеруге, жаңа материалды презентациялауға, оны түзетуге, жаттықтыру тапсырмаларына, қорытынды бақылауға, үй тапсырмасын түсіндіруге, сабақтың қорытынды бөліміне жіберілген уақыт; ана және ағылшын тілдеріндегі сөйлесім уақыты; сабақ жоспары бойынша уақыттың бөлінуінің сәйкестігі.

Кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру мұғалімнен әр сабақты ұқыпты жоспарлауды және дайындалуды, сонымен қатар заманауи педагогикалық тәсілдерді және т.б. қолдануды талап етеді.

Оқытудың мақсаттарына жету үшін келесі тұжырымдарды есте сақтау қажет:

1. Сабақта тілдесу әрекетінің барлық түрлерін дамытуға жағдай жасалуы тиіс. Тыңдалым дағдысын дамыту үшін материалдың бір бөлігі аудиомәтін түрінде, сөйлеу дағдысын дамыту үшін – диалог және әңгімелесу арқылы берілуі тиіс. Тыңдалымды жазумен байланыстыруға болады (мысалы, кесте толтыру, сызбанұсқа құрастыру, бос орындарды толтыру). Оқылым дағдыларын дамыту үшін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік дайындық деңгейіне сәйкес келетін түрлі стилдегі түпнұсқалық мәтіндер іріктеп алу қажет. Мәтіндер көлемі жағынан онша үлкен емес бөліктерге бөлініп және суреттермен, сызбанұсқалармен, карталармен көркемделіп берілген жағдайда жақсы қабылданады.

2. Сабақты жүргізу барысында сабақтың мақсаттары және сабақтан күтілетін нәтижелер нақты айтылуы қажет; қажет болған жағдайда білім алушыларға түсініксіз болған сөйлемдер мен сөздер бірнеше рет қайталануы мүмкін.

3. Білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және арнайы терминдермен таныстыру бойынша жұмыс үнемі жүргізіліп отыруы тиіс.

4. Сұрақ қою және жауап беру, өз ойын, пікірін айту, басқалардың пікірін тыңдау біліктерін қалыптастыру (рөлдік ойындар, проблемалық жағдаяттар, дебаттар және т.б.).

Ағылшын тілін және жаратылыстану-метматикалық бағыттағы пәндерді кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын формаларға тоқталайық.

1. Сөздер мен сөйлемдерді өзара тексеру. Ағылшын тілін зерделеу барысында қолданылатын ынтымақтастықтың ең кең тараған түрі – бұл білім алушылардың жекелеген сөздер мен сөйлемдерді білу бойынша бірін-бірі тексеруі. Бірін-бірі тексерудің әдістемелік жағы ерекше маңыздылыққа ие

болады. Білім алушылардың бұл жұмысы алуан түрлі болуы мүмкін. Мысалы, бір білім алушы оқылатын пән бойынша терминді айтады, ал екінші білім алушы бұл терминді ағылшын тілінде айтады. Терминдерді аудару қарсы тәртіпте де орындалуы мүмкін: бір білім алушы оқылатын мәтінде кездесетін жекелеген сөздер мен сөйлемдерді айтады, ал келесі білім алушы олардың мағынасын бірден ана тілінде айтады. Есте сақтауға тиіс сөздер мен жекелеген сөйлемдерді білім алушылар дәптерлеріне немесе сөздіктеріне жазып алады. Сабаққа дайындалу барысында білім алушылар дәптерлеріне немесе сөздіктеріне жазып алған сөздер мен сөйлемдерді қайталайды және мүмкін болған жағдайда бірін-бірі тексереді. Кейбір мұғалімдер сөздер мен сөйлемдерді жекелеген текшелерге жазып көрсетеді. Әр текшеде 10, 20 немесе одан да көп сөз болуы мүмкін. Мұғалімнің кеңесі бойынша білім алушылар жаңа сөздер мен сөйлемдерді сабақта ғана емес, сонымен бірге үй тапсырмасын дайындау процесі барысында да жаттаулары мүмкін. Текшелер бойынша өзін-өзі және бірін-бірі жылдам тексерудің бір нұсқасы: текшенің сол жағында бір бағанға, мысалы, оқылатын тілде (ана тілі емес) жиырма сөз жазылған, ал оң жағында сәйкесінше ана тіліндегі мағынасы жазылған. Тексеруші дәптермен немесе бір парақ қағазбен текшенің сол жағын, яғни ана тілінде берілмеген сөздерді жабады. Жауап беретін білім алушы ана тіліндегі сөздерді ғана көреді және оқылатын тілдегі сөздерді жылдам және дұрыс айтуға тырысады. Егер барлық сөздер мен сөйлемдер дұрыс және неғұрлым жылдам айтылған болса, онда тексеруші жауап беретін білім алушыға тура осы тапсырманы белгілі уақыт арасында орындауды немесе жекелеген сөздерді (ана тілінде емес) басқа текшеге жазып белгілі уақыт ішінде аударуды тапсыруына болады. Бір кездесу барысында екі білім алушы бірін-бірі бір ғана емес, екі, үш немесе одан да көп текшелер арқылы тексерулеріне болады. Мұғалім текшедегі кейбір сөздерге ерекше назар аудару, қайталап айту немесе дәптерге жазып алу үшін астын сызып қоюына да болады.

2. Жаңа мәтін бойынша біріккен жұмыс. Жаңа мәтіндермен жұмыс әр түрлі жүргізілуі мүмкін. Мұғалім уақыттың бір бөлігінде білім алушыларды жаңа мәтіннің және оның ана тіліндегі аудармасымен таныстырады. Бұдан әрі білім алушылар жаңа мәтіндерді алады және тұрақты немесе ауыспалы жұпта оларды аудару жұмысын жүргізеді. Әдетте жұптағы бір білім алушы мәтінді оқиды және екінші білім алушыны араластыра отырып әр сөзді аударып алады. Егер жаңа сөз немесе сөйлем кездессе, онда екінші білім алушы оның мағынасын сөздіктен іздейді. Жұптың әр білім алушысы жаңа сөзді және оның мағынасын өзінің жұмыс дәптеріне немесе сөздігіне жазып алады. Егер мәтін шағын болса, онда оны бір білім алушы аударып алады. Егер мәтін үлкен болса, онда мәтін бірнеше бөлікке бөлінеді (азат жолдар бойынша бөлінуі мүмкін) және оны бірнеше білім алушы кезектесе отырып аударып алады.

3. Өзара диктанттар. Жаңа материалды жақсы меңгеру үшін, мұғалім диктант жазылған текше карталар әзірлейді. Өзара диктанттарды білім алушылар қазақ тіліндегі сабақтардағы тәртіп бойынша жүргізеді.

4. Монологтік және диалогтік тілдесуді дамыту бойынша жаттығулар орындау. Білім алушылар диалогтік тілдесуге жаттығу бойынша сауалнама текшекартасын толтырады, содан кейін берілген проблема немесе тақырып бойынша монологтік сөйлесуді (мазмұндауды) орындайды.

Тілдік әдепті жетілдіруді мақсат ететін топтық және жаппай сөйлесуге үйрету сабағы – сабақтың тағы бір түрі болып саналады. Бұл сабақтар – пікірталас сабақ, конференция-сабақ, «дөңгелек үстел» сабағы, кездесу сабақ, КВН-сабақтары. Бұл сабақтарда топта ортақ бір мәселе талқыланады.

Мұғалім білім алушының өз тұжырымдарын, яғни талқылауын, бағалауын, өзгеріс енгізуін ынталандырады және реттейді. Конференция сабаққа алдын-ала дайындық кезінде реттілігі бойынша айтылады. Осыған сай әр түрлі жаттығулар байланысы беріледі: түсінгенін айтуға – 5%, тілдік дамытуға – 40%, қарым-қатынас қалыптастыру жаттығуларына – 40%, қосымша мақсаттарға негізделген жаттығуларға – 15%. Білім стандартында полилогтік сөйлеуге басым көңіл бөлінбейді, бірақ осындай сабақтар қажет.

Қазақ тілді ортада өскен білім алушылар орыс/шетел тілінде қарым-қатынасқа түскенде тыңдаушы ретінде өзін көрсетеді. Оның себебі – орыс/шетел тілін нашар меңгеруі және ұлттық интроверттік психология. Мұндай сабақтарда келесідей дағдыларды қалыптастыру қажет: сөйлесуге кірісу дағдысы, өз бағытын жүргізу дағдысы, сөйлесу бастамасын қолдау және тоқтату, тілдік әдеп дағдысы, сөйлесуші бағыты бойынша диалогті жандандыру. Бұл дағдыларды арнайы тексеру қажет емес, бірақ бақылау негізінде мұғалім білім алушыларды «кемшіліктерін» жөндеп, өзгертуіне болады. Белгілі тақырып бойынша диалогтік сөйлесуді меңгерту деңгейін тексерудің негізгі өлшемдері: репликалардың жалпы саны, инициативті, жауапты және бос репликалардың ара-қатынасы, қажетті әдеп тілдік құралдарының нақтылығы, анықтаманың мазмұндылығы.

Сөйлеу үрдісінде монологтік тілдесуге үйрету әдістері оқытудың функционалды-коммуникативті түрі **тұлғалық бағытталған монологты** ұсынады. Талқыланып отырған сабақтың түрін өзіндік мінездемесі бар түрлерге бөлуге болады:

**1. Микромонолог құрастыруды үйрету жолдары.** Негізгі мақсаты – толық мәнді монологты үздіксіз, дәйекті түрде, қисынды тудыруды үйрету. Берілген сабақтың бұл түрінің қосымша мақсаттары – пікірталас кезінде өз пікірін дәлелдеу икемін және тілдік этикет икемін дамыту. Бұл кезеңде өндірілетін икемдер: аяқталған бір ойды, бір шешімді біл айтылым (сөйлем көлемі) деңгейінде жеткізу; сөйлемдерді қысқаша мәтін көлемінде қисында байланыстыру; бірнеше сөйлеу интенцияларын (ниеттерді) байланыстыру, оларды 2-3 не одан да көп сөйлемдермен жүзеге асыру. Оның үстіне әр сөйлеу ниеті бойынша бұл үш кезеңді ұдайы қайталауды қамтып отыруы қажет. Күтілетін нәтижеге жету үшін жаттығуларды келесідей қатынаста орындайды: шартты тілдік жаттығулар – 40%, тілдік – 40%, коммуникативті – 20%. Білім стандартының мазмұнына сай сабақтың бұл түрі берілген жағдаятқа сәйкес 2-3 не одан да көп сөйлемдер тудыру дағдысын

қалыптастырады. Айтылып отырған бұл сабақтың түрі монологті үйрету кезеңінде сабақтың бір ғана бөлігі болуы мүмкін, сондықтан бұл сөздік икемдерді бақылау қажет.

**2. Продуктивті монолог тілге үйрету жолдары.** Негізгі мақсаты – мәтін деңгейінде жазбаша не ауызша түрде монологтік сөйлеу икемін дамыту. Қосымша мақсаттарына графикалық және пунктуациялық (сызбалық және тыныс белгілік) сауаттылық, айту, оқу, түсіну, жазу дағдыларын жетілдіру жатады. Сабақ не сабақтың кезеңі монологті қалыптастыру немесе жетілдіру бойынша келесі кезеңдерді қамтиды:

- мәтінді қабылдау кезеңі (түсіну);
- мәтіннің құрамын анықтау;
- мәтінді қабылдау;
- ойды монолог түрінде жеткізу.

Әртүрлі жаттығуларды орындау қатынасы: шартты тілдік – 10%, тілдік – 10%, сөйлесімдік – 40% және коммуникативтік – 40% құрайды. Білім стандарты мазмұны бойынша төмендегідей айтылым дағдылары қалыптасады:

- оқыған немесе естіген мәтінді қабылдау;
- берілген тілдік тақырып бойынша мәлімет жасау;
- теледидар, радиодан естіген мәлімет мазмұнын жеткізу;
- көрген фильм мазмұнын жеткізу;
- монолог-пайымдау;
- монолог-сипаттау түрінде өз ойын қалау;
- тақырып бойынша өз ойын жазбаша рәсімдеу.

Сабақтың бұл түрі қызметтік маңызы бар әр түрлі жағдайды, қабылдаушыны, айтушының әр түрлі ұстанымын, талқылау тақырыбын ескере отырып, әлеуметтік-бағдарлы мәтінді құрастыруға үйретеді.



2.2-сурет

Сабақта берілетін тапсырмалар мен жұмыстар **тілді дамытуды** қамтиды, яғни тілдік емес пән мұғалімі тек мазмұнына ғана жауап бермейді, сонымен қатар сол пән арқылы білім алушылардың **тілдік дағдыларын дамытады**. Екі

мақсатқа бірдей жетуге болады: пән екінші немесе үшінші тіл арқылы оқытылады және де пәндерді меңгеру арқылы ғылыми тіл дамиды (2.2-сурет).

Үш тілде оқытудың әдіс тәсілдеріне:

- Пән мен тілді кіріктіріп оқыту – CLIL-Content and Language Integrated Learning;

- Командалық оқыту;

- Тілдік ортаға ену жатады.



2.3-сурет

Командалық оқыту – екі мұғалімнің пәнді бірінші (қазақ немесе орыс тілі) және ағылшын тілінде оқытуы. Мұғалімдер сабақты бірігіп жоспарлайды, үлгерімі төмен білім алушыларды қолдайды (2.3-сурет).

Пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін (CLIL - Content and Language Integrated Learning) яғни, кіріктірілген бағдарлама арқылы екінші тілді меңгеру. Қазіргі уақытта аталмыш әдіс үздіксіз өзгеріс үстіндегі мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттіліктерін бір белгісі болып табылатын тілдерді және екінші тіл шетел тілінде пәндерді игеруді жүзеге асыру үшін әзірленген. Осыған байланысты, пәндерді екінші және үшінші тілдерде оқытуда мұғалімдер CLIL әдісін кеңінен қолдануда. Бұл әдістің тиімділігін бірден айту қиын, себебі, бұл бірнеше жылдың жемісі.

Ең алдымен, бұл әдіс білім алушылардың тілдік құндылығының мағынасын артырып, өз мәдениетін бағалауға, өзге мәдениетті құрметтеуге үйретеді. білім алушылар бірден екінші тілде сөйлеп кетпейді. Уақыт өте келе, білім алушыларға берілетін тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек.

Скаффолдинг тапсырмалары арқасында білім алушылар тілді базалық қарым-қатынас дағдысынан (BICS) академиялық тіл білу дағдысына (CALP) біртіндеп көшеді. Олар сұрақты бірінші тілде қойса, мұғалім екінші тілде жауап беруге тырысу керек. Ең басты қағидат, білім алушылардың сыныпта меңгерген

дағдысын өмірде қолдана білу керек. Сабақ жоспарын құрғанда ескеретін жағдай: білім алушыларға берілетін тапсырма шынайы нақты өмірден алынған болуы керек, себебі, білім алушылар бұл проблеманы шешу барысында қызығушылығын жоғалтпауы тиіс. Шешуге болатын проблеманы беріп, оның шешімінің бір нұсқасы мұғалімде болуы керек. Сонымен қатар, білім алушылар топта, жұпта жұмыс жасауға дағдылану арқылы бір-бірін үйрету, жетелеу арқылы тілді тез меңгереді. Оларға ой еркіндігін беріп, көбірек сөйлетуді үйрету керек.

Екінші тілде оқыту төрт дағдыға негізделеді. Олар: тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым. Тыңдалымға арналған өте көп тапсырмалар бар. Мысалы, тыңдалым мәтінін бірінші тілде, яғни, қазақ тілінде тыңдап, оны екінші тілде айтуға дағдыландырады. Оған қоса ақпаратты мазмұнды, жүйелі, жалпы алғанда сапалы болуға жетелейді. Тыңдалған мәтіннің негізгі ақпаратын бөліп алып оны өзінше айтуға тырысады. Тыңдалған ақпараттағы автордың көзқарасын, кілтті сөздерді іріктеп алып дұрыс топтастырғаны бойынша білім алушылармен ой бөлісуді ұмытпау керек. Тыңдалым арқылы білім алушылардың сөздік қорлары молайып, оқылым және жазылым дағдыларының дамуына әсер етеді. Осы тыңдалым тапсырмасы негізінде білім алушыларға кесте, диаграмма, ментальді картаны жасауға болады, мысалы 2.2-кестеде көрсетілген.

## 2.2-кесте. «Шын және жалған» тапсырмасы.

| № | Тұжырымдар                 | Шын | Жалған |
|---|----------------------------|-----|--------|
| 1 | Азот тыныс алуды қолдайды  |     |        |
| 2 | Ауаның 78%-ін азот құрайды |     |        |
| 3 | Азот белсенді газ          |     |        |

Келесі дағды ол білім алушылардың оқылым дағдысын жетілдіру қарапайым тапсырмалардан басталып, проблемалық оқыту тапсырмаларына дейін қамтуға болады.

Оқу сауаттылығы – білім алушы өзіне берілген мәтіндерді түсініп, оларға рефлексия жасап, мазмұнын өмірмен байланыстыра білу дегенді білдіреді. Оқылым дағдысының да өзіндік ерекшелігі бар. Ең бастысы, түсініп оқу, зерттеп оқу, сын тұрғысынан ойлау, аргументтер келтіріп оны дәлелдей білу. Оқылым дағдысына негізделген тапсырмалардың бірі – ол перифраз. Білім алушы өзіне берілген мәтінді түсініп, өз сөзімен қайта жазу. Бұл тапсырма арқылы білім алушының мәтінді қаншалықты түсінгендігін айқындайды әрі екінші тілде сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйретеді. Түсінуге жеңіл әрі сабақтың қызығушылығын арттыру мақсатында сурет, кесте, диаграмма арқылы да ақпаратты бірінші тілде оқып, екінші тілде сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйретеді. Сингапур мемлекетінен алынған **FILA кестесі** немесе ойлау шаблону, **FILA кестесін** толтырмас бұрын топ ішінде білім алушылар проблемалық ситуацияны жан-жақты талдап алады. Содан кейін кестені толтыруға кіріседі. Бұл кесте білім алушылардың сын

тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, ситуациядан шығу жолдарын қарастырады. Мақсаты, проблемалық ситуация құру арқылы білім алушылардың шығармашылық белсенділігінің ойлау қабілетінің дамуын көрсету.

Мысалы, Марат «Құнарлы нан» наубайханасынан бір бөлке нан сатып алады. Ол үйіне келген соң, нанда жасыл дақты байқайды. Бұған налынған Марат қайта барып, ақшасын қайтаруды талап етеді. Наубайханашылар бұл нанда дақтың қалай пайда болғанын білмейтінін, бұған наубайхананың ешбір қатысы жоқ екендігін айтады. Марат бұл ситуациядан қалай шығады? Көмектесіңіздер? (2.3-кесте)

Ситуацияның шешімі әртүрлі болуы мүмкін.

FILA кестесін қолдану үшін уақытты тиімді пайдалану топтың өз еркіне беріледі. Топ құрамы мұғалімнің ұйғарымымен құрылуы мүмкін.

Жазылым дағдысы кезінде шағын өлең жолдар, шағын әңгіме, ашық хат (құттықтау), диалогтер, оқиғаны аяқтау, пікір, хат, эссе және тағы басқа тапсырмаларды қолдануға болады. Мысалы, берілген сюжетті, суретті пайдаланып, досқа хат немесе блогқа ақпарат жаз деген тапсырмалар беруге болады. Кез-келген жұмысты орындау барысында білім алушы жазба жұмысының орындау стилін ұмытпағаны жөн.

### 2.3-кесте. Ситуациялық проблемалар

| FACTS-мәліметтер  | IDEAS-идеялар   | LEARNINGISSUES-зерттеуді талап ететін сұрақтар   | ACTION PLAN-шешімдер жоспары   |
|---|---|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Құнарлы нан» наубайханасы</li> <li>- Нан бөтелкесі</li> <li>- Жасыл дақ</li> <li>- Марат наубайханадан нан сатып алды</li> <li>- Ақша қайтарылмады</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Дина өтірік айтады</li> <li>- Наубайханадағыл ар өтірік айтады</li> <li>- Жасыл дақ - ол көк</li> <li>- Тұрып қалған нан</li> <li>- Арнайы нан сорты</li> <li>- Марат сорттарды ажырата алмайды</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жасыл дақтың табиғаты қандай?</li> <li>- Көгеру қалай пайда болады?</li> <li>- Көгерудің адам денсаулығына кері әсері қандай?</li> <li>- Көгерудің пайда болуына не әсер етті?</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Нанды зертханаға өткізу</li> <li>- Наубайхананың жағдайын зерттеу</li> <li>- Диетологпен кеңесу</li> <li>- Жоспар құру</li> </ul> |



Егер ол досына жазған хат болса хат жазу үлгісін, егер мінездеме болса ресми іс-қағаздар толтырудың ерекшеліктерін назарда ұстап жазу керек. Жазылым дағдысындағы ерекше тапсырмалардың бірі – ол эссе жазу. Эссе жазудың өзіндік жүйесі бар. Яғни, тезис, тезиске сай аргументтер келтіру, себебі және қорытынды болуы керек. Тілді меңгерудегі ең негізгі есте ұстайтыны – айтатын ойын түсінікті етіп жеткізу керек. Талдау жұмыстарын жүргізген уақытта мысалы, мәтінді, фильм, мультфильм, кино, видеоролик, суретке қарап төмендегі кестені қолдануға болады (2.4-кесте).



## 2.4-кесте. Талдау жұмыстарын жүргізу үлгісі

|   |   |  |
|---|---|--|
| № | Видеокөрініс атауы?   |  |
| 1 | Идеясы  |  |
| 2 | Кейіпкерлері кімдер?<br>Мұндай кейіпкерлер өмірде кездесе ме? |  |
| 3 | Видеокөріністің екі мықты жағы қандай?                        |  |
| 4 | Видеокөріністің екі әлсіз жағы қандай?                        |  |
| 5 | Видеокөрініс сізді қандай сезімге бөледі?                     |  |
| 6 | Қандай өмірлік сабақ алуға болады?                            |  |

Айтылым – адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасу, диалог құру, хабарлау т.б. үрдістермен іске асады. Айтылымда білім алушы айтатын ойын түсінікті етіп жеткізу. Әр білім алушы өзінің ой-пікірімен бөлісіп, оны ортаға салады. Сонымен бірге айтылым дағдысын жетілдіруде рөлдерге бөлініп ойнау, интервью, монолог және т.б. қолдануға болады. Ойлануды қажет ететін тапсырмаларды қолданған кезде, білім алушылар оларға анализ жасап, өз пікірлерін қорғауда, дәлелдемелерін келтіріп айтуда – **SWOT** әдісі кеңінен қолданады.

|                          |                          |
|--------------------------|--------------------------|
| <b>S</b> (мықты жақтары) | <b>W</b> (әлсіз жақтары) |
| <b>O</b> (мүмкіндіктер)  | <b>T</b> (қауіп)         |

Қорыта келе, енгізіліп жатқан білім саласындағы өзгерістер оңтайлы нәтижесін беруде. Бірнеше жыл бойы жүргізіліп жүрген зерттеулердің нәтижесінде CLIL әдісінің ұтымды тұстарын айқындалып отыр.

Білім алушы пәнді екінші тілде, оның мәдениетін тереңірек білуіне мүмкіндік алады. Пәнді оқи отырып, оқылып жатқан тақырыптарға сай терминдерді қайталау барысында, оларды өз ой пайымдауларында қолдана отырып, білім алушының белгілі пән бойынша сөздік қорының молаятындығы сөзсіз.

Кейбір физика пәніне тән сөздер мен терминдердің айтылуымен мағынасы ұқсас болып келеді. Мысал ретінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде тән физикалық термин – сөздерді айта аламыз:

Газ сөзі француз сөзі болғанымен ұқсас мағынада үш тілде қолданылады. Ағылшын тілінде «Gas» сөзі материяның ¼ негізгі бөлігі, яғни агрегаттық күй. Орыс тілінде дыбысталуы мен мағынасы бір.

Концентрация сөзі де үш тілдеде мағыналас болып табылады. Физика пәнінде бұл сөздің мағынасы шоғырлану. Ағылшын тілінде «Concentration» сөзі шоғырлану дәрежесін білдіреді. Орыс тілінде дыбысталуы мен мағынасы бір.

Молекула сөзі латын тілінен енген масса деген мағынаны береді. Материяның ең кіші бөлігін молекула деп атайды. Ағылшын тілінде «Molecule» сөзі дәл сол мағынаны береді. Орыс тілінде дыбысталуы мен мағынасы бір.

Планета сөзі көне латын тілінен енген Кезбе жұлдыздар деген мағынаны береді. Қазақ тілінде тағы бір атауы бар Ғаламшар деген. Ағылшын тілінде «Planet» деп аталады.

Халықаралық бірліктер мен шамалардың ағылшын тілі мен қазақ, орыс тілінде аталуы бір болып келеді. Бұл шамалар Халықаралық жүйеде қабылданған. Мысалы: scalar, vector, micro ( $\mu$ ), milli (m), centi (c), deci (d), nano (n), piko (p), femto (f), atto (a).

Бұл бірлік атауларымен қатар физика пәнінде Халықаралық жүйеде қабылданған универсал шамалар қабылданған. Ерекшелігі, қолдану барысында кез-келген тілде бірдей дыбысталып, бір мағына береді.

Оларға:

- метр (m) – meter (m) – ұзындық өлшем бірлігі – length;
- килограмм (kg) – kilogram (kg) – масса өлшем бірлігі – weight;
- секунд (s) – seconds (s) – уақыт өлшем бірлігі – time;
- Кельвин (K) – Kelvin (K) – Термодинамикалық температура өлшем бірлігі – thermodynamic temperature;
- моль – mole – зат мөлшер – molecular weight.

Сонымен қатар, қолдануы Физика пәнінде белгілі – бір бөлімді немесе бөлшекті білдіретін термин сөздер бар. Әр елдің қолдану әліпбиіне қарай бұл терминдердің тек жазылуы өзгеруі мүмкін. Оларға мына терминдерді жатқыза аламыз:

- Physics;
- Mechanics;
- Thermodynamics;
- Energy;
- Dynamics.

*Енгізу технологиясының ерекшеліктері.* Шоғырланған оқыту теориясы құрылған жетекші принциптердің бірі – бір пәнге бөлінген уақытты қайта бөлу. Яғни, мысалы, белгілі бір пән бойынша сабақтарды блоктарға біріктіру және белгілі бір уақыт ішінде тек осы пәнді зерттеу ұсынылады. Бірақ енгізу технологиясын әдеттегі сабақ жүйесінде қолдануға болады, бұл пән бойынша күніне бір ғана сабақ өткізіледі.

Сабақтың басты ерекшелігі – енгізу, ол сенімге емес, ұсынысқа негізделген. Мұндай модельге қатысатын негізгі принциптер: ләззат, релаксация, сана мен сана түбі бірлігі, екі жақты байланыс. Сонымен қатар, релаксация мен қуанышты жетекші принциптер деп атайтынына қарамастан, енгізу сабағы әр білім алушының шоғырланған назарын және резервтерін белсендіруді қамтитын белсенді сабақ болып табылады. Сана мен сана түбі бірлігі жаңа материалды ұсыну білім алушылардың музыкалық, көркемдік, хореографиялық талантарын дамыта отырып, сенсорлық қабылдауын жандандыруға негізделгендігімен қамтамасыз етіледі.

*Енгізу технологиясының міндетті компоненттері.* Енгізу әдісінде енгізу сабақтарына міндетті болып табылатын келесі компоненттерді бөліп алу әдеттегі әдіс болып табылады:

- Оқытудың белсенді түрлері. Көбінесе енгізу сабағында топтық жұмыс формалары, өзара оқыту әдістері, ойын әдістері қолданылады;

- Ақпаратты ірі блокпен беру. Бұл, ең алдымен, дидактикалық материалды таңдауға қатысты. Енгізу сабағы үшін бұл материалдар егжей – тегжейлі емес, жалпыланған болуы керек. Бұл логикалық және эмоционалды қабылдауды біріктіруге мүмкіндік береді.

- Өртістік құралдар (паузалар, ойындар, билер, музыка, әндер, картиналар және т.б.) – енгізу сабағының маңызды элементі. Бұл сабақта эмоционалды және сезімтал жағдай жасайтын құралдар.

- Білімді бақылау сынақ түрінде жүргізіледі. Шығармашылық тапсырмалар рұқсат етілген.

*Енгізу модельдері.* Бұл модельдерді әртүрлі әдіскерлер ұсынады. Бірақ олардың барлығы М.П. Щетинин ұсынған теория негізінде жасалады:

- Кескінге енгізу;
- Пәнаралық енгізу;
- Метапәндік енгізу;
- Эвристикалық енгізу;
- Салыстыра енгізу;
- Мәдениетке енгізу.

*Кескінге енгізу немесе тақырыпқа енгізу.* Бұл әдіс бірнеше сабақты бір тақырыппен біріктіруді қамтиды. Бұл тәсіл қабылдаудың тұтастығын қамтамасыз етпейді. «Енгізу» технологиясы не ұсынады? Мысалы, 4 сабақтың тақырыптарын біріктіріп, оларды бір күнде өткізуге болады.

*«Енгізу» күнін қалай құруға болады?* Әрине, алдымен әкімшілікпен, әріптестермен келісіп, кестені сәл қалпына келтіру керек.

Бұл күні тек бір пән бойынша сабақтар өтеді. Эмоционалды саланы қолдану үшін сабақтарды тағы бір тақырыппен біріктірген жөн. Демек, дидактикалық және көркемдік құралдар таңдалатын бағыт.

*Пәнаралық енгізу* бір пәннен сабақты басқа пән материалының призмасы арқылы құруға мүмкіндік береді. Мысалы, биология сабағын басқа пәнмен байланыстыру.

*Метапәндік енгізу* – бұл сабақ нақты ортаға енгізуге негізделген кездегі практикалық бағыт. Яғни, өмірлік жағдайлар жаңа терминдер мен ұғымдарды қабылдау үшін қолданылады. Әдетте шет тілі сабақтары тілдік ортаға енуді ұсынады.

*Енгізу сабағын қалай өткізуге болады?* Бірақ жоғарыда аталған «Енгізу» схемалары әрдайым қол жетімді емес, өйткені бұл кестені өзгертуге тура келеді. Алайда, енгізу технологиясының әдістерін 40 минутқа созылатын бір сабақ аясында қолдануға болады.

*Жаратылыстану сабағының мысалы.*

Мысалы, 5-сыныпта «Адамдардың жер туралы идеялары: ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» тақырыбында жаратылыстану сабағын алайық.

Мұндай сабаққа дайындық кезінде мұғалім тұжырымдамалық сөздік жасайды, яғни оқушылар сабақ барысында игеруі керек барлық ұғымдар мен терминдер мұқият таңдалады. Мысалы, «ғалам, ғарыш, ежелгі адамдар, ғаламның құрылымы» және т.б.

Сабақтың өзі терминдер мен ұғымдарды кезең-кезеңмен енгізу схемасына негізделген. Мысалы, «Уақытқа саяхат», онда әр аялдама адамдардың Ғалам мен оның құрылымы туралы идеяларының өзгеруі болған оқиғаның белгілі бір бөлігіне арналады.

Осындай «аялдамалардың» әрқайсысы үшін эвристикалық материал таңдалады: ғарыш дыбыстары, ғаламның құрылымы туралы танымал ғылыми фильмнен үзінді, тақырып бойынша суретшілердің суреттері, өлеңдер және т.б.

*Ағылшын тіліне енгізу сабағының мысалы.*

Шет тілінде енгізу сабақтарын жүргізу одан да ыңғайлы. Мысалы, «БАҚ» тақырыбы. Мұғалім сонымен қатар тұжырымдамалық сөздік пен лексикалық сөздікті дайындайды, яғни білім алушылар сабақта үйренуі керек лексикалық бірліктердің тізімі. Әрі қарай сабақ ТҚК немесе АКТ-ны міндетті түрде қолданумен құрылады. Әрбір лексикалық бірлік үшін өзіңіздің «презентацияңызды» таңдай аласыз: бұл сөз немесе өрнек естілетін ән, көркем фильмнен үзінді, сұхбат жазбасы, жаңалықтар бағдарламасының үзіндісі, журналистердің, редакторлардың және т. б. кәсіби өмірінің көріністері.

Ең бастысы, сабақ барысында сөйлеу үнемі болу керек. Тек мұғалімнің немесе білім алушылардың өзі ғана емес, сонымен қатар нақты тілдік ортадан «сығынды» болса өте тиімді болады.

*Физика сабағының мысалы*

Физика сабағын енгізу біршама қиын. Формулаларға аса қанық емес тақырыпты таңдау маңызды. Бұл тақырыпта көптеген тарихи, қызықты материалдар, формулаларсыз шешуге болатын қызықты мәселелер бар.

Сабақ – енгізу үшін әр жаңа тұжырымдама немесе тұжырым, гипотеза ойналады. Мысалы, білім алушыларды шоттарда санауға, пирамиданың биіктігін есептеуге, гректердің прогресс туралы идеясы кезінде грек музыкасын қолдануға, Минотавр туралы аңызды сахналауға, сол дәуірдің суреттері мен портреттерін таңдауға, кеңсені тиісті түрде ұйымдастыруға, рөлдік және дидактикалық ойындарды қолдануға және т.б.

Үй тапсырмасы ретінде, мысалы, ежелгі гректердің мәзірін құруды, перғауынға пирамида салуды, лабиринт салу үшін мәліметтерді есептеуді т.б. ұсынуға болады.

*Биология пәні бойынша енгізу сабағының мысалы*

Сондай-ақ, білім алушылардың бейнелі және эмоционалды қабылдауын айқын қолдануға мүмкіндік беретін тақырып таңдалады. Мысалы, «Балдырлар».

Мұндай сабаққа дайындық кезінде мұғалімнің бірінші міндеті – тұжырымдамалық сөздік құрастыру. Мысалы, бұл «бір жасушалы», «көп жасушалы», «балдырлардың құрылымы», «таралу және тіршілік ету ортасы», «балдырлардың қоректенуі», «гамета», «зигота» және т.б.

Әрі қарай, әр тұжырымдама үшін өзіндік «презентация» таңдалады. Бұл мұхит дыбыстарының жазбасы, су асты әлемі туралы бейне-ролик, мультфильм, балдырлар туралы ән, тірі суреттер, анимациялық суреттер және т.б. болуы мүмкін.

Егер бұл қайталау және жалпылау сабағы болса, онда ойын әдістерін енгізе аласыз: «Суретті жинаңыз», «Сноуборд» және сыныптағы білім алушыларды белсендіруге мүмкіндік беретін кез-келген басқа ойын әдістерін қолдануға болады.

*Химия пәні бойынша мысалы.*

*I. Қажетті сөздерді пайдалана отырып мәтінді толықтыр.*

*/жіктелуі, кестесі, жүйеге, қасиеттері, заңдылықтары, table, classification, Law, system, properties, классификация, закона, систему, таблица, свойств/*

**Химиялық элементтердің периодтық** \_\_\_\_\_ заңдылықтары \_\_\_\_\_, химиялық элементтердің \_\_\_\_\_ жіктелуі \_\_\_\_\_ Д. И. Менделеев ашқан периодтық заңның кестелік бейнесі. Менделеев элементтерді периодтық \_\_\_\_\_ кестесі \_\_\_\_\_ орналастырғанда олардың атом, салмақтарының өсуіне, сонымен қатар олардың химиялық \_\_\_\_\_ қасиеттері \_\_\_\_\_ өзгеруіндегі периодты \_\_\_\_\_ жүйеге \_\_\_\_\_ сүйенді.

**Периодическая** \_\_\_\_\_ закона \_\_\_\_\_ **химических** \_\_\_\_\_ элементов \_\_\_\_\_ классификация \_\_\_\_\_ химических элементов – это таблица периодического \_\_\_\_\_ систему \_\_\_\_\_ который создал Д. И. Менделеев. Менделеев установил \_\_\_\_\_ элементов в периодическую \_\_\_\_\_ таблица \_\_\_\_\_ на основании периодического закона изменения \_\_\_\_\_ свойств \_\_\_\_\_ химических элементов и зависимость различных свойств элементов от заряда атомного ядра от их атомного веса.

The **periodic** \_\_\_\_\_ law \_\_\_\_\_ of **chemical** is the \_\_\_\_\_ **classification** \_\_\_\_\_ of chemical elements, it is a table of Periodic \_\_\_\_\_ **system** \_\_\_\_\_ formulated by D. I. Mendeleev. Mendeleev organized the elements in the periodic \_\_\_\_\_ **table** \_\_\_\_\_ on the basis of their atomic numbers, growing of their mass, and recurring chemical \_\_\_\_\_ **properties** \_\_\_\_\_ according to the Periodic Law.

*II. Химиялық элементтерді қазақша, ағылшынша және орысша атауларымен сәйкестір*

|        |        |      |      |     |        |        |          |        |
|--------|--------|------|------|-----|--------|--------|----------|--------|
| oxygen | sulfur | gold | iron | tin | copper | silver | hidrogen | carbon |
|--------|--------|------|------|-----|--------|--------|----------|--------|

|      |         |          |         |      |        |        |       |        |
|------|---------|----------|---------|------|--------|--------|-------|--------|
| сера | углерод | кислород | серебро | медь | водрод | железо | олово | золото |
|------|---------|----------|---------|------|--------|--------|-------|--------|

|     |       |        |        |       |           |        |       |        |
|-----|-------|--------|--------|-------|-----------|--------|-------|--------|
| мыс | темір | сутегі | күкірт | күміс | көміртегі | оттегі | алтын | қалайы |
|-----|-------|--------|--------|-------|-----------|--------|-------|--------|

### III. Мына химиялық ұғымдарды үш тілде үйрен.

**Technology – Технология** – табиғи және жасанды жолмен алынған шикізаттарды өндіріс және халық тұтынатын өнімдерге өңдеу әдістері мен үрдістерін зерттейтін ғылым саласы.

### VI. Химиялық элемент таңбалары. Кесте толтыру.

Бұл кесте бойынша мұғалім кез келген кестедегі қажетті бағандарды толтырта алады. Элементтердің қазақша атауын, орысша атауын немесе ағылшын тіліндегі атауын, элементтің таңбасын, оқылуын немесе салыстырмалы атомдық массасын толтыртуға болады. Сонымен бірге тапсырмадағы бағандар да мұғалімнің қалауына қарай таңдалып алынады.

| Қазақша атауы | Орысша атауы | Ағылшынша атауы | Элементтің таңбасы | Химиялық элементтің оқылуы | Салыстырмалы атомдық массасы |
|---------------|--------------|-----------------|--------------------|----------------------------|------------------------------|
| Сутегі        | Водород      |                 | H                  | Аш                         | 1                            |
| Оттегі        | Кислород     |                 | O                  | О                          | 16                           |
| Сынап         | Ртуть        |                 | Hg                 | Гидраргирум                | 201                          |
| Алтын         | Золото       |                 | Au                 | Аурум                      | 197                          |
| Көміртек      | Углерод      |                 | C                  | Це                         | 12                           |
| Калий         | Калий        |                 | K                  | Калий                      | 39                           |
| Мыс           | Медь         |                 | Cu                 | Купрум                     | 64                           |
| Темір         | Железо       |                 | Fe                 | Феррум                     | 56                           |
| Күміс         | Серебро      |                 | Ag                 | Аргентум                   | 108                          |
| Қорғасын      | Свинец       |                 | Pb                 | Плюмбум                    | 207                          |
| Азот          | Азот         |                 | N                  | Эн                         | 14                           |
| Барий         | Барий        |                 | Ba                 | Барий                      | 137                          |
| Йод           | Йод          |                 | I                  | Йод                        | 127                          |
| Мырыш         | Цинк         |                 | Zn                 | Цинк                       | 65                           |
| Хлор          | Хлор         |                 | Cl                 | Хлор                       | 35,5                         |
| Фосфор        | Фосфор       |                 | P                  | Пэ                         | 31                           |
| Фтор          | Фтор         |                 | F                  | Фтор                       | 19                           |
| Марганец      | Марганец     |                 | Mn                 | Марганец                   | 55                           |

Енгізу-сабағын дайындау алгоритмі:

1. Мұғалімнің тұжырымдамалық сөздікті құрастыруы;
2. Белмені безендіру (егер мәдениетке немесе кескінге енгізу қолданылса);
3. Эмоционалды, сенсорлық қабылдауды қамтитын жалпыланған түрдегі дидактикалық және көркемдік материалды дайындау;
4. Әр түрлі мағынадағы шығармашылық және ойын тапсырмаларын әзірлеу;
5. Сабақтың формасын таңдау. Сабаққа ең ыңғайлы-саяхат, серуендеу, зияткерлік жарыстар;

Осылайша, енгізу сабағын кез-келген пән бойынша өткізуге болады.

Төмендегі мысалдар ішінара енгізу кезінде сабақтарда пайда болатын нақты қарым-қатынас жағдайларының әртүрлілігін айқын көрсетеді:

- білім алушылармен сәлемдесу (Hello, everyone! Hi there!);

- жаңадан келген білім алушыны таныстыру (Let me introduce our new pupil. This is ... Meet ... please.);

- ойыңызға келген күлкілі оқиға айту (I've just remembered a story...);

- жақсы жауап берген білім алушыны мақтау (How clever of you!);

- орындалмаған тапсырма үшін сөгіс айту (How disappointing!);

- сөздікпен жұмыс жасау туралы білім алушыға кеңес беру (You'd better look it up in the dictionary.);

- оқулықты/жұмыс дәптерін ашуды сұрау (Will you open the workbook at page 3, please?);

- артық қаламсап сұрау (Have you got a pen to spare?);

- сабақ соңында бағалап, әрбір баға үшін критерий айту (Here are your marks. Sue gets a five as she's been really great, just unlike John who's been silent at the lesson ...);

- білім алушыларды топқа бөлу (Split into two groups, please.);

- жерге түскен қаламды көтеруді сұрау (Could you possibly pick up that pen for me?);

- терезе/есік жабуды сұрау (Will you close the door, please?);

- білім алушылардың көңіл күйін сұрау (How are things? How are you doing today?);

- ойын ойнауды, ән айтуды және жобаға қатысуды ұсыныу (Let's play a nice game, shall we?);

- тақтаға шығуды бұйыру (Will you come out to the blackboard, please?);

- уақыттың қанша болғанын сұрау (Can anyone tell me the time, please?);

- сыныпты тәртіпке шақыру (Silence! May I have your attention, please?);

- тапсырманы түсіндіру (What we are going to do is ...);

- мысал келтіру (Here is a good example. Mind this example.);

- дәптер/күнделік жинауды сұрау (Collect your works, please. Give this out.);

- сыныппен қоштасу (Bye, everyone. See you next Monday).

Алайда, қарым-қатынас процесі екі жақты процесс. Коммуникативті мәселені тұжырымдай отырып, білім алушыны оны шешуге ынталандыру қажет. Бұл жағдайда білім алушылар өз ойларын жобалау үшін тілдік бірліктерді өз бетінше таңдай алады. Төменде білім алушы шеше алатын кейбір коммуникативті міндеттер берілген:

- амандасу, қоштасу (мұғаліммен - Hello!, Bye!, досымен – Hi!, See you!);

- көмек үшін алғыс айту (Thanks a lot for the lesson! / your help!);

- шығып келуге сұрану/сұраққа жауап беру/орын ауыстыру (May I go out / answer the question / seat over there?);

- артық қалам сұрау (Can I borrow your pen?);

- үй тапсырмасын анықтау (Could you possibly repeat our home task?);

- тақтаға сұрану (Can I answer, please?);

- сөздердің мазмұны мен ұғымы туралы сұрау (Could you explain that again / what's the English for...);

- көмек ұсыну (Shall I open a window?);

Білім алушыларды тілдік ортаға немесе нақты қарым-қатынас жағдайына енгізу үшін кейбір нақты әдістемелік кеңестерді қарастырыңыз:

1. Кабинет;
2. Сөйлеу жаттығулары;
3. Сорри, ай донт спик рашн;
4. Бейне фильмдерді көрсету;
5. Сабақтардағы және сабақтан тыс жобалық қызмет;
6. Сабақтан тыс ағылшын тілі;
7. Табыс жағдайы;
8. Шет тіліндегі сөздердің семантикасы.

*Кабинет.* Әңгіме кабинетті безендіру туралы емес, мәселе – шетел тілінде сөйлеуге деген ықылас пайда болатындай етіп кеңсені қалай ұйымдастыруға болады. Төменгі жол – сынып табалдырығын аттаған кезде білім алушы басқа әлемге – зерттелетін пән мен ағылшын тілінің әлеміне енуі керек, мұнда дәстүрлі көрнекі құралдардан бастап ұсақ-түйектерге дейін (қабырғалардың түсі, егер мүмкін болса, парталардың, карталардың және т.б.) ерекше көрінуі керек. Мектептің кез-келген кабинетінде емес.

*Сөйлеу жаттығулары.* Бұл сабақтың басында басқа тілдік ортаға кірген уақытта болатын ұяңдықты жоюға арналады. Мұғалім білім алушыларды қарым-қатынасқа бейімдеуге, көптеген білім алушылармен мүмкіндігінше жұмыс байланысын құруға тырысуы керек, яғни сөйлеу дайындығын қалыпты ортада жүзеге асыру. Мұндай сөйлеуді дайындау «сөйлеуді жаттықтыру» деп аталады (warmer немесе warming up). Сөйлеуді жаттықтырудың мысалы ретінде келесі сөз тіркестерін мысалға келтіруге болады:

- What wonderful weather we are having today!

- Oh, sorry for the delay. Our transport system is a real nightmare. How did you manage to get in time?

- Just fancy! On my way here I met a little homeless puppy. It looked so sick and miserable I couldn't help stopping and feeding him.

Сөйлеуді жаттықтыру аз уақытты алады, оны жылдам қарқынмен жүргізу керек. Мұғалім ым-ишаратпен басқа білім алушылардан жауап берушіге көмек сұрай алады, өзі дұрыс сөз айта алады.

